

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ

ҚР Жоғарғы Соты Төрағасының кіріспе сөзі / Вступительное слово Председателя Верховного Суда РК	2
«СОТТАРДЫҢ САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 Нормативтік қаулысынан үзінділер	4
Выдержки из нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 22 декабря 2022 года № 9 «О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ ПРИМЕНЕНИЯ СУДАМИ НАЛОГОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА»	8
Салық мәселелеріне қатысты әкімшілік істер бойынша сот практикасын ТАЛДАУ (1-бөлік).....	12
Салық мәселелері жөніндегі әкімшілік істер бойынша сот практикасын ТАЛДАУ (2-бөлік. Халықаралық салық салу мәселелері).....	44
АНАЛИЗ судебной практики по административным делам по налоговым вопросам (часть 1).....	75
АНАЛИЗ судебной практики по административным делам по налоговым вопросам (часть 2. Вопросы международного налогообложения).....	108
Камералдық бақылауды жүзеге асыру бөлігінде салық заңнамасындағы кейбір өзгерістер туралы (2023 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыста)	140
О некоторых изменениях налогового законодательства в части осуществления камерального контроля (действуют с 1 января 2023 года).....	142
Порохов Е.В. НАЛОГОВЫЕ СПОРЫ И ПОРЯДОК ИХ УРЕГУЛИРОВАНИЯ ПО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВУ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	144



МЕРҒАЛИЕВ
Асламбек Амангелдіұлы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының төрағасы

МЕРҒАЛИЕВ
Асламбек Амангельдинович
Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан

Құрметті оқырман!

Өздеріңіз білетіндей, Қазақстан Республикасында екінші жылы әкімшілік әділет жұмыс істеуде, сот ісін жүргізудің жаңа түрі – әкімшілік сот ісін жүргізу, оның шеңберінде жария-құқықтық қатынастардан туындайтын даулар қаралады. Әкімшілік процесс мемлекеттік органдармен даулардың әлсіз жақтарын қорғауға мүмкіндік беретін инквизициялық қағидатқа (соттың белсенді рөлі қағидаты) негізделген.

Салыстырмалы түрде қысқа мерзім ішінде әкімшілік соттар жүйесі үлкен жұмыс жүргізді, оның қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының бірінші Бюллетені әзірленіп, Сіздердің назарларыңызға ұсынылды.

Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «мемлекеттік органдармен азаматтық-құқықтық даулардың кең ауқымының рәсімдік-процестік кодексіне» беріле отырып, әкімшілік әділет саласын кеңейту қажеттігі атап өтілді, «бұл отандық сот төрелігін ізгілікті және әділ етеді»¹. Сонымен қатар, бизнес өкілдерімен бірнеше рет өткен кездесулерде Президент кәсіпкерлер мен инвесторлардың елдің бизнес-климатына деген сенімінің негізі ретінде қолайлы іскерлік ортаны қамтамасыз ету қажеттігін атап өтті. Әкімшілік әділет мемлекеттік органдардың қатысуымен болған сот дауларында тараптардың теңдігін қамтамасыз етудің негізіне айналды.

Басылым салық даулары бойынша әкімшілік істердің практикасына арналғаны кездейсоқ емес. Бизнес өкілдері тарапынан мемлекеттік органдарға ең көп талап қоюлар салық даулары бойынша келіп түсті (23%), олардың басым бөлігі соттардың орталық мемлекеттік органдар мен олардың аумақтық бөлімшелеріне жеке ұйғарымдар шығарумен және мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне ақшалай өндіріп алу қолданумен бизнестің пайдасына шешілді.

Бұл жұмыстың барлығы осы жинақта ұсынылған салық мәселелері бойынша әкімшілік істер бойынша сот практикасына талдау жүргізу және «соттардың салық заңнамасын қолдануының кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 9 жаңа нормативтік қаулысын әзірлеу үшін негіз болды.

Мұның бәрі жүргізіліп жатқан реформалардың нәтижесі ретінде «халық үніне құлақ асатын мемлекет» моделін құрудағы алғашқы қадамдар ғана екенін тағы да атап өткім келеді. Болашақта әкімшілік соттар қарайтын істердің барлық басқа санаттары бойынша осындай жинақтарды шығару жоспарлануда.

Қазақстан Республикасының
Жоғарғы Сотының Төрағасы

А. Мерғалиев

¹ Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevty-n-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>

Уважаемый читатель!

Как известно, уже второй год в Республике Казахстан функционирует административная юстиция, новый вид судопроизводства – административное судопроизводство, в рамках которого рассматриваются споры, вытекающие из публично-правовых отношений. Административный процесс основан на инквизиционном принципе (принцип активной роли суда), позволяющем защитить слабую сторону в спорах с государственными органами.

За сравнительно небольшой срок системой административных судов была проведена большая работа, по итогам которой разработан и представлен Вашему вниманию первый Бюллетень Судебной коллегии по административным делам Верховного Суда Республики Казахстан.

В Послании Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева народу Казахстана отмечается о необходимости расширения сферы административной юстиции с передачей в «процедурно-процессуальный кодекс широкого круга гражданско-правовых споров с государственными органами, что сделает отечественное правосудие гуманным и справедливым»¹. Кроме того, на неоднократных встречах с представителями бизнеса Президент отмечал о необходимости обеспечения благоприятной деловой среды как основы доверия предпринимателей и инвесторов к бизнес-климату страны. Именно административная юстиция стала фундаментом обеспечения равенства сторон в судебных спорах с участием государственных органов.

Не случайно настоящее издание посвящено практике административных дел по налоговым спорам. Наибольшее количество исков со стороны представителей бизнеса к государственным органам поступило именно по налоговым спорам (23%), большая часть которых были разрешены в пользу бизнеса с вынесением судами частных определений в адрес центральных государственных органов и их территориальных подразделений и наложением денежных взысканий на работников государственных органов.

Вся эта работа стала основой для проведения анализа судебной практики по административным делам по налоговым вопросам, представленным в настоящем сборнике, и разработки нового нормативного постановления Верховного Суда Республики Казахстан от 22 декабря 2022 года № 9 «О некоторых вопросах применения судами налогового законодательства».

Хочется еще раз отметить, что все это только первые шаги в построении модели «слышащего государства» как результата проводимых реформ. В будущем планируется издание подобных сборников по всем другим категориям дел, рассматриваемых административными судами.

**Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан**

А. Мергалиев

¹ Послание Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливое государство. Единая нация. Благополучное общество»//<https://www.akorda.kz/ru/poslanie-glavy-gosudarstva-kasym-zhomarta-tokaeva-narodu-kazahstana-181130>

«СОТТАРДЫҢ САЛЫҚ ЗАҢНАМАСЫН ҚОЛДАНУЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ»

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 9
Нормативтік қаулысынан үзінділер

...Салық кодексінің 19-бабы 2-тармағының 4) тармақшасына сәйкес салық органдары өз құзыреті шегінде салықтық міндеттеменің туындауы, орындалуы және тоқтатылуы жөнінде түсіндірмелерді жүзеге асыруға және түсініктемелер беруге міндетті. Мұндай түсіндірмелер мен түсініктемелер, сондай-ақ әдістемелік ұсынымдар, оның ішінде уәкілетті органның әдістемелік ұсынымдары нормативтік құқықтық актілерге жатпайды. Сот оларды салық заңнамасының нормаларына сәйкестігін ескере отырып бағалауға тиіс...

...Салық саясатын (жаңа салықты және бюджетке төленетін төлемдерді белгілеу және қолданыстағыларының күшін жою, салық және бюджетке төленетін төлемдер бойынша мөлшерлемелерді, салық салу объектілері мен салық салуға байланысты объектілерді, салық базасын өзгерту жөніндегі шаралар жиынтығы) салық саясаты саласындағы уәкілетті орган жүзеге асырады...

...Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Салық кодексіндегіден өзгеше қағидалар белгіленсе, аталған шарттың қағидалары қолданылады (Салық кодексінің 2-бабының 5-тармағы). Конституцияның 4-бабы 3-тармағына сәйкес Қазақстан қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Республиканың заңнамасында айқындалады...

...Егер ратификацияланған халықаралық шартта Қазақстан Республикасының Үкіметіне салық салу құқығы берілсе, бірақ ұлттық заңнамада аталған құқық жүзеге асырылмаса (жеңілдік болса), онда ұлттық заңнама қолданылуға жатады...

...Қосарланған салық салуды болғызбау туралы конвенцияларды түсіндіру кезінде, егер мұндай түсіндіру қағидалары Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің 1993 жылғы 31 наурыздағы № 2059-ХІІ қаулысының негізінде Қазақстан Республикасы қосылған Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының ережелеріне сәйкес келсе, халықаралық шарттарда және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген түсіндірудің жалпы қағидалары қолданылады...

...Занды тұлғаны тарату (тіркеуді (қайта тіркеуді) жарамсыз деп тану) туралы талап қою қанағаттандырылған жағдайда салықтық бақылау жүргізу туралы мәселені шешу салық органының өкілеттігіне кіреді және салық заңнамасында көзделген шаралар қабылданған кезде ғана контрагенттердің құқықтары мен заңды мүдделері қозғалуы мүмкін, олар салық органдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту шеңберінде өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыруға құқылы...

...13. АК-нің 49-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына сәйкес орналасқан жері бойынша немесе нақты мекенжайы бойынша заңды тұлға, сондай-ақ заңды тұлға бір жыл ішінде оларсыз жұмыс істей алмайтын құрылтайшылар (қатысушылар) және лауазымды адамдар болмаған жағдайда, заңды тұлғаны тарату туралы шешім қабылдай алатындығы соттарға түсіндірілсін.

Жоғарыда көрсетілген белгілер жиынтығының болмауы талап қоюшының талабын қанағаттандырудан бас тарту үшін негіз болып табылады, өйткені салық органдарының өзге де ден қою тәсілдері бар...

...Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу тіркеуші органның әкімшілік актісі болып табылады, осыған байланысты мұндай қайта тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап қоюлар әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға тиіс...

...Соттар 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап салықтық құқықтық қатынастарға қатысушылар ағымдағы салық кезеңінде алдыңғы салық кезеңдеріне қатысты әрекеттер жасаған кезде Салық кодексінің бес жылдық талап қоюдың ескіру мерзімі туралы күші жойылған нормасын қолдануға құқылы емес екендігін ескергендері жөн, өйткені Салық кодексінің қолданыстағы нормасы бойынша мұндай мерзім, егер Салық кодексінде өзгеше көзделмесе, үш жылды құрайды.

Салық органдары талап қоюдың ескіру мерзімінің шегінен тыс салық төлеушіге және (немесе) салық агентіне талап қоюға құқылы емес. Бұл ретте Салық кодексі талап қоюдың ескіру мерзімімен өсімпұлды есептеуді шектемейді...

...Трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша салықтық тексеру жүргізу кезінде оның тоқтатыла тұруын ескере отырып, талап қоюдың жалпы ескіру мерзімі жеті жылдан аспауға тиіс.

Көрсетілген мәселелер бойынша тексеруді тоқтата тұрған кезде салық органы «Трансферттік баға белгілеу туралы» Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 5 шілдедегі № 67-IV Заңының 8-бабының талаптарын сақтауға тиіс. Ескіру мерзімінің өтуі сұрау салу жіберілген кезде тоқтатыла тұруы мүмкін, ол мынадай:

мемлекеттің құзыретті органына (ұйымына) жолданған;

дербестендірілген, тексерілетін салық төлеушіге қатысты жасалған;

тексеру нысанына кіретін мәселелер бойынша енгізілген талаптарға сәйкес келуіне тиіс.

Соттар сұрау салу жоғарыда көрсетілген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда мұндай сұрау салу жіберілген болып есептелмейтінін ескергені жөн...

...Мемлекеттік кіріс органдары есептеген, есепке жазған және салық төлеушілерге талап қоюдың ескіру мерзімдері шегінде төлеуге ұсынған салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді төлеу туралы салықтық талаптар бойынша талап қоюдың ескіру мерзімінің өтуі туындаған салықтық міндеттемені тоқтатпайды және салық төлеушіні оны орындаудан босатпайды...

...Салық органының салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің есептелген, есепке жазылған сомасын есепке жазуға немесе қайта қарауға құқығын және салық төлеушінің салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлдарды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап ету құқығын бөлу қажет. Мәселен, салық төлеушінің бюджеттен салықтарды қайтару құқығын іске асыру кезінде салық органы салықтардың есептелген сомасын есептемейді және қайта қарамайды, бірақ бюджеттен салықтарды қайтаруды растайды не растаудан бас тартады.

Осыған байланысты, салық төлеушілердің салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұлдарды есепке жатқызуды және (немесе) қайтаруды талап ету құқығына қатысты талап қоюдың ескіру мерзімін есептеу кезінде салықтық тексеру нәтижелері бойынша шешім, оның ішінде салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама шығарылған күнді емес, Салық кодексінің 101-бабы 4-тармағының 1) тар-

мақшасында көзделген салықтық өтінішті немесе Салық кодексінің 431-бабы 1-тармағының 2) тармақшасында көзделген ҚҚС-ның асып кету сомасын қайтару туралы талапты салық органының қабылдау (тіркеу) күнін назарға алған жөн...

...Егер талап қоюшы мемлекеттік бажды бюджеттік сыныптаманың қате кодына не толық мөлшерде төлемесе, Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі – ӘРПК) 138-бабының төртінші бөлігіне сәйкес судья талап қоюшыға осы кемшіліктерді көрсетеді және оларды түзету үшін мерзім белгілейді...

...Салық төлеушінің Салық кодексінде белгіленген мерзімде Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағында көрсетілмеген және Салық кодексінің 96-бабы 2-тармағы 2) тармақшасының талаптарына сәйкес келетін анықталған бұзушылықтар бойынша түсініктеме беруі камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның орындалуы деп танылады және олардың негізділігін мәні бойынша тексеруді талап етпейді.

23. ӘРПК-нің 135-бабының екінші бөлігіне сәйкес (тану туралы талап қою) талап қоюшы бұдан былай заңды күші жоқ, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіні заңсыз деп тануды талап етуі де мүмкін, сондықтан камералдық бақылау нәтижелері бойынша орындалған хабарламаға дау айту туралы талап қоюлар соттың қарауына жатады.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға дау айту туралы қойылған талап әкімшілік сот ісін жүргізу тәртібімен қаралуға тиіс.

Камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағының 2) және 3) тармақшаларында көзделген бұзушылықтарды жою туралы хабарламаларға дау айту туралы талап қоюларды қарау кезінде сот тіркелуі (қайта тіркелуі) Салық кодексінің 96-бабы 5-тармағына сәйкес заңды күшіне енген сот шешімімен жарамсыз деп танылған осы заңды тұлғадан және (немесе) дара кәсіпкерден тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді іс жүзінде алғанын растау үшін салық төлеуші ұсынған дәлелдемелерге баға беруге және оларды зерттеуге міндетті.

Барлық өзге жағдайларда сот салық органында оның талаптарының мәні бойынша негізділігін тексермей хабарлама шығару үшін заңда көзделген негіздердің бар-жоғын

анықтауы жеткілікті. Олай болмаған жағдайда болашақ салықтық тексерулердің, оның ішінде камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаны орындамау мәселесі бойынша жоспардан тыс тақырыптық тексерулердің нәтижелері алдын ала шешілетін болады.

Салық органы:

түсініктеме салық төлеушінің ұсынуына жатпайтын (Салық кодексінің 96-бабының 3-тармағы) және бұзушылықтар жойылмаған;

камералдық бақылау нәтижелері бойынша хабарламаға түсініктеме ұсыну не шағым беру үшін Салық кодексінде белгіленген мерзім өткізіп алынған және бұзушылықтар жойылмаған;

заңды күшіне енген сот шешімімен Салық кодексінің 96-бабы 3-тармағына сәйкес салық төлеушіге шығарылған хабарламаны заңсыз деп тану туралы талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылған және бұзушылықтар жойылмаған жағдайларда да хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешім шығаруға құқылы.

Хабарламаны орындалмаған деп тану туралы шешімге шағымды (талап қоюды) салық төлеуші оны жоғары тұрған салық органына және (немесе) уәкілетті органға немесе сотқа берген (алған) күннен бастап он жұмыс күні ішінде беруі мүмкін.

Шағым (талап қою) берілуі мүмкін органды таңдау құқығы салық төлеушіге тиесілі...

...Бұл ретте Салық кодексінің 117-бабының 3-тармағына сәйкес салық органдарының тиісті салық кезеңі үшін салықтарды төлеу мерзімі басталғаннан кейін салықтардың есептелген сомаларын қайта қарауы нәтижесінде пайда болған жеке тұлғалардан мүлік салығы, жер салығы және көлік құралдары салығы бойынша бересі сомасына өсімпұл есептелмейтінін назарда ұстаған жөн...

...28. Талап қоюшылардың салық органдарының әрекеттері мен актілеріне шағым жасауының барлық кезеңдерінде сот әкімшілік қарау болған жағдайларда тараптарды татуластыру және дауды салық органының өз бетінше шешу мүмкіндіктерін қарастыруы керек (мысалы, техникалық қателер болған кезде ақпараттық жүйелерге өзгерістер енгізу, камералдық бақылау хабарламалары үшін "орындалған" мәртебесін көрсету және тағы басқа)...

...ӘРПК-нің 98-бабының алтыншы бөлігіне сәйкес өтініш берушіге зиян келтіру үшін шағым жасауға жол берілмейді. Салық

кодексінің 186-бабының тәртібімен тақырыптық тексеру салық төлеушінің (салық агентінің) шағымын қарау барысында тағайындалатындықтан, уәкілетті орган тексеру нәтижелері бойынша дау айтылған хабарламада есепке жазылмаған салықтардың, бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, өсімпұлдардың қосымша сомаларын есепке жазу туралы шешім қабылдай алмайды.

Жоғары тұрған органның (уәкілетті органның) салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімі сотта дау айтудың нысанасы бола алмайды, өйткені ол құқықтық салдарға әкеп соқпайды. Салықтық тексерудің нәтижелері туралы хабарлама өзгеріссіз қалдырылған кезде – көрсетілген хабарламаға, ал оның бір бөлігінің күшін жойған кезде – шағымды қарау нәтижелері бойынша шығарылған хабарламаға сот тәртібімен дау айтылуы мүмкін.

30. Салық кодексінің 148-бабына сәйкес нұсқама салықтық тексеру жүргізу үшін негіз болып табылады.

Тексеруді тағайындау туралы акт ретінде нұсқама сот дауының дербес нысанасы болуы мүмкін, өйткені ол салық органының билік өкілеттіктерін жүзеге асыруы шеңберінде шығарылады, салық төлеуші (салық агенті) үшін құқықтық салдарға әкеп соғады...

...Жоспардан тыс тексерулер Салық кодексінің 145-бабының 3-тармағында және Кәсіпкерлік кодекстің 144-бабының 3-тармағында көрсетілген негіздер болмаған кезде тағайындалуы және жүргізілуі мүмкін емес. Мұндай тексерулер тексеру жүргізу үшін негіздер болмаған кезде шығарылса Кәсіпкерлік кодекстің 156-бабы 1-тармағының және 2-тармағы 1) тармақшасының негізінде жарамсыз, ал оларды тағайындау туралы актілер заңсыз деп танылуға және олардың күші жойылуға жатады.

31. Салық кодексінің 159-бабы ережелерінің негізінде салықтық тексеру нәтижелері бойынша шешім салық органы салықтық тексеру нәтижелеріне қатысты шығарған салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама болып табылады. Салық төлеуші (салық агенті) салықтардың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің, міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу, ұстап қалу, аудару жөніндегі міндеттемелердің есепке жазылған сомаларымен, міндетті әлеуметтік медициналық сақтанды-

руға әлеуметтік аударымдарды және (немесе) жарналарды есептеумен және төлеумен, залалдарды азайтумен, бейрезиденттердің кірістерінен төлем көзінен ұсталған ҚҚС-ның және (немесе) корпоративтік (жеке) табыс салығының асып кету сомаларын қайтарудың расталмауымен келіспеген жағдайда, сот тәртібімен хабарламаға ғана шағым жасалады. Сот дау айтылған сомаларды есепке жазудың заңдылығын салықтық тексеру актісінде жазылған тұжырымдарды ескере отырып тексереді.

Егер салық төлеуші салықтық тексеру актісінің жоғарыда келтірілген салдарларға әкеп соқпаған, алайда өзінің құқықтары мен міндеттеріне, оның ішінде болашақ салық кезеңдерінде де әсер ететін тұжырымдарымен келіспесе, аталған акті даулануы мүмкін. Тексеру актісіне шағым жасау салық органдары лауазымды адамдарының әрекеттеріне шағым жасау ретінде Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

Салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаны орындау салық төлеушіні орындалған хабарламаға Салық кодексінде көзделген тәртіппен және мерзімдерде шағым жасау құқығынан айырмайды.

Салықтық тексеру актісінің мазмұны Салық кодексінің 158-бабы 1-тармағының талаптарына сәйкес келуге тиіс. Салық органының салық төлеуші (салық агенті) жол берген Қазақстан Республикасының салық және өзге де заңнамасының бұзушылығы туралы тұжырымдары заңнама нормаларына сілтеме жасалып, бұзушылықтар туралы куәландыратын дәлелдер негізделіп және мән-жайлар ашылып, баяндалуы тиіс.

ӘРПК-нің 129-бабының үшінші бөлігіне сәйкес, салықтық тексеру нәтижелеріне шағымдану туралы талап қоюды қарау кезінде салық органы салықтық тексеру актісінде жазылған салық төлеушінің салық және өзге де заңнаманы бұзғанын куәландыратын тұжырымдар мен негіздемелерге ғана

сілтеме жасай алады...

...32. Салық кодексінің 6-бабында белгіленген салық салудың айқындылығы қағидатына сәйкес Қазақстан Республикасының салықтары мен бюджетке төленетін төлемдері айқын болуға тиіс.

Салық салудың айқындылығы салық төлеушінің салықтық міндеттемесінің, салық агентінің салықтарды есептеу, ұстап қалу және аудару жөніндегі міндетінің туындауының, орындалуының және тоқтатылуының барлық негіздері мен тәртібінің Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленуін білдіреді...

...Салық органының даулы актіні қабылдауы үшін негіз болған мән-жайларды дәлелдеу міндеті салық органына жүктеледі...

...ӘРПК-нің 128-бабының ережелерін ескере отырып, салық органына салық төлеушіде салық пайдасы туындауының заңсыздығы дәлелдемелерін сотқа ұсыну бойынша міндет жүктелген.

35. Салық төлеуші салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға не Салық кодексінің 18-тарауының 2-параграфында белгіленген салықтық тексерулер жүргізу тәртібі мен мерзімдерін салық органының бұзушылықтарының негізі бойынша тексеру актісіне дау айтқан кезде сот жол берілген бұзушылықтардың сипатын және олардың тексеру нәтижелерінің заңдылығы мен негізділігіне әсерін бағалауды негізге алуы керек. Атап айтқанда, Салық кодексінің 148-бабына сәйкес салықтық тексеру жүргізу үшін негіз болып табылатын нұсқамасыз не кейіннен заңсыз деп танылған нұсқаманың негізінде жүргізілген тексеру нәтижелері заңсыз деп танылуға жатады.

Егер Кәсіпкерлік кодексінің 146-бабының 1-тармағын бұза отырып, қарсы тексеруді қоспағанда, салықтық тексеруді жүргізуге арналған нұсқама құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы уәкілетті органда тіркелмеген болса, жоғарыда көрсетілген салдарлар туындайды...

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы

А. Мерғалиев

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы

Г. Әлмағамбетова

© Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ

**Выдержки из Нормативного постановления
Верховного Суда Республики Казахстан
от 22 декабря 2022 года № 9**

**«О НЕКОТОРЫХ ВОПРОСАХ ПРИМЕНЕНИЯ СУДАМИ
НАЛОГОВОГО ЗАКОНОДАТЕЛЬСТВА»**

...Согласно подпункту 4) пункта 2 статьи 19 Налогового кодекса налоговые органы обязаны в пределах своей компетенции осуществлять разъяснения и давать комментарии по возникновению, исполнению и прекращению налогового обязательства. Такие разъяснения и комментарии, а также методические рекомендации, в том числе уполномоченного органа, не относятся к нормативным правовым актам. Они подлежат оценке судом с учетом их соответствия нормам налогового законодательства...

...Налоговая политика (совокупность мер по установлению новых и отмене действующих налогов и платежей в бюджет, изменению ставок, объектов налогообложения и объектов, связанных с налогообложением, налоговой базы по налогам и платежам в бюджет) осуществляется уполномоченным органом в области налоговой политики...

...Если международным договором, ратифицированным Республикой Казахстан, установлены иные правила, чем те, которые содержатся в Налоговом кодексе, применяются правила указанного договора (пункт 5 статьи 2 Налогового кодекса). В соответствии с пунктом 3 статьи 4 Конституции порядок и условия действия на территории Республики Казахстан международных договоров, участником которых является Казахстан, определяются законодательством Республики...

...В случае если международный ратифицированный договор предоставляет право налогообложения правительству Республики Казахстан, но в национальном законодательстве указанное право не реализовано (присутствует льгота), то применению подлежит национальное законодательство...

...При толковании конвенций об избежании двойного налогообложения действуют общие правила толкования, предусмотренные международными договорами и законодательством Республики Казахстан, если такие правила толкования соответствуют положениям Венской конвенции о праве международных договоров, к которой Республика Казахстан присоединилась на основании Постановления Верховного Совета

Республики Казахстан от 31 марта 1993 года № 2059-ХІІ...

Разрешение вопроса о проведении налогового контроля в случае удовлетворения иска о ликвидации (признании недействительной регистрации (перерегистрации) юридического лица входит в полномочия налогового органа, и только при принятии предусмотренных налоговым законодательством мер могут быть затронуты права и законные интересы контрагентов, которые вправе осуществить защиту своих прав и законных интересов в рамках оспаривания решений, действий (бездействия) налоговых органов...

13. Разъяснить судам, что по подпункту 3) пункта 2 статьи 49 ГК суды могут принять решение о ликвидации юридического лица в случае отсутствия юридического лица по месту нахождения или по фактическому адресу, а также учредителей (участников) и должностных лиц, без которых юридическое лицо не может функционировать в течение одного года.

Отсутствие в совокупности вышеуказанных признаков является основанием для отказа в удовлетворении требования истца, поскольку имеются иные способы реагирования налоговыми органами...

...Государственная перерегистрация юридического лица представляет собой административный акт регистрирующего органа, в связи с чем иск о признании такой перерегистрации недействительной подлежит рассмотрению в порядке административного судопроизводства...

...Судам следует учитывать, что с 1 января 2020 года участники налоговых правоотношений при совершении в текущем налоговом периоде действий в отношении предыдущих налоговых периодов не вправе применять утратившую силу норму Налогового кодекса о пятилетнем сроке исковой давности, так как такой срок по действующей норме Налогового кодекса составляет три года, если иное не предусмотрено Налоговым кодексом.

Налоговые органы не вправе предъявлять требования налогоплательщику и (или) на-

логовому агенту за пределами срока исковой давности. При этом Налоговый кодекс не ограничивает исчисление пени сроками исковой давности...

...Общий срок исковой давности с учетом его приостановления во время проведения налоговой проверки по вопросам трансфертного ценообразования не может превышать семь лет.

При приостановлении проверки по указанным вопросам налоговый орган должен соблюдать требования статьи 8 Закона Республики Казахстан от 5 июля 2008 года № 67-IV "О трансфертном ценообразовании". Течение срока давности может быть приостановлено при направлении запроса, который должен соответствовать следующим требованиям:

адресован компетентному органу (организации) государства;

быть персонифицированным, составлен в отношении проверяемого налогоплательщика; внесен по вопросам, входящим в предмет проверки.

Судам следует учитывать, что в случае несоответствия запроса вышеуказанным требованиям такой запрос не считается направленным...

...По налоговым требованиям об уплате налогов и других платежей в бюджет, исчисленных, начисленных органами государственных доходов и предъявленных налогоплательщикам к уплате в пределах сроков исковой давности, истечение срока исковой давности не прекращает возникшее налоговое обязательство и не освобождает налогоплательщика от его исполнения...

Необходимо разделять право налогового органа на начисление или пересмотр исчисленной, начисленной суммы налогов и других обязательных платежей в бюджет и право налогоплательщика потребовать зачет и (или) возврат налогов и платежей в бюджет, пени. Так, при реализации права налогоплательщика на возврат налогов из бюджета налоговым органом не начисляется и не пересматривается исчисленная сумма налогов, а происходит подтверждение либо отказ в подтверждении возврата налогов из бюджета.

В этой связи применительно к праву налогоплательщиков потребовать зачет и (или) возврат налогов и платежей в бюджет, пени, при исчислении срока исковой давности следует принимать во внимание дату приема (регистрации) налоговым органом налогового заявления, предусмотренного подпунктом 1) пункта 4 статьи 101 Налогового кодекса,

или требования о возврате суммы превышения НДС, предусмотренного подпунктом 2) пункта 1 статьи 431 Налогового кодекса, а не дату вынесения решения по результатам налоговой проверки, в том числе уведомления о результатах налоговой проверки...

...Если государственная пошлина уплачена истцом на некорректный код бюджетной классификации либо не в полном размере, то в соответствии с частью четвертой статьи 138 Административного процедурно-процессуального кодекса Республики Казахстан (далее - АППК), судья указывает истцу на данные недостатки и устанавливает срок для их исправления...

...Представление налогоплательщиком в срок, установленный Налоговым кодексом, пояснения по выявленным нарушениям, не указанным в пункте 3 статьи 96 Налогового кодекса, и соответствующего требованиям подпункта 2) пункта 2 статьи 96 Налогового кодекса, признается исполнением уведомления об устранении нарушений, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, и не требует проверки обоснованности их по существу.

23. В силу части второй статьи 135 АППК (иск о признании) истец может также потребовать признать незаконным обременяющий административный акт, не имеющий больше юридической силы, поэтому иски об оспаривании исполненного уведомления по результатам камерального контроля подлежат рассмотрению судом.

Иск об оспаривании уведомления по результатам камерального контроля подлежит рассмотрению в порядке административного судопроизводства.

При рассмотрении исков об оспаривании уведомлений об устранении нарушений, предусмотренных подпунктами 2) и 3) пункта 3 статьи 96 Налогового кодекса, выявленных налоговыми органами по результатам камерального контроля, суд обязан дать оценку и исследовать доказательства, предоставленные налогоплательщиком в подтверждение фактического получения товаров, работ, услуг именно от юридического лица и (или) индивидуального предпринимателя, регистрация (перерегистрация) которых признана недействительной вступившим в законную силу решением суда в соответствии с пунктом 5 статьи 96 Налогового кодекса.

Во всех иных случаях суду достаточно установить, имелись ли у налогового органа предусмотренные законом основания для вынесения уведомления без проверки

обоснованности его требований по существу. Иначе будут предreshены результаты будущих налоговых проверок, в том числе внеплановой тематической проверки по вопросу неисполнения уведомления по результатам камерального контроля.

Налоговый орган вправе вынести решение о признании уведомления неисполненным, в том числе в случаях, когда:

пояснение не подлежит представлению налогоплательщиком (пункт 3 статьи 96 Налогового кодекса) и нарушения не устранены;

пропущен установленный Налоговым кодексом срок для представления пояснения либо подачи жалобы на уведомление по результатам камерального контроля и нарушения не устранены;

вступившим в законную силу решением суда налогоплательщику отказано в удовлетворении иска о признании незаконным уведомления, вынесенного в соответствии с пунктом 3 статьи 96 Налогового кодекса, и нарушения не устранены.

Жалоба (иск) на решение о признании уведомления неисполненным может быть подана налогоплательщиком в течение десяти рабочих дней со дня его вручения (получения) в вышестоящий налоговый орган и (или) уполномоченный орган или суд.

Право выбора органа, в который может быть подана жалоба (иск), принадлежит налогоплательщику...

...При этом следует иметь в виду, что в силу пункта 3 статьи 117 Налогового кодекса пеня не начисляется на сумму недоимки по налогу на имущество, земельному налогу и налогу на транспортные средства с физических лиц, образовавшуюся в результате пересмотра налоговыми органами исчисленных сумм налогов после наступления срока уплаты налогов за соответствующий налоговый период...

...28. На всех этапах обжалования истца действий и актов налоговых органов суду следует рассматривать возможности примирения сторон и разрешения спора налоговым органом самостоятельно (например, внесение изменений в информационные системы при наличии технических ошибок, указание статуса "исполнено" для уведомлений камерального контроля и так далее) в случаях наличия административного усмотрения...

...В соответствии с частью шестой статьи 98 АППК обращение жалобы во вред заявителю не допускается. Поскольку тематическая проверка в порядке статьи 186 Налогового кодекса назначается в ходе рассмотрения жалобы налогоплательщика (на-

логового агента), уполномоченным органом по результатам проверки не может быть принято решение о начислении дополнительных сумм налогов, других обязательных платежей в бюджет, пеней, не начисленных в оспариваемом уведомлении.

Решение вышестоящего органа (уполномоченного органа), принятое по результатам рассмотрения жалобы на уведомление о результатах налоговой проверки, не может являться предметом судебного оспаривания, так как не влечет правовых последствий. При оставлении уведомления о результатах налоговой проверки без изменения – в судебном порядке может быть оспорено указанное уведомление, а при отмене его в части – уведомление об итогах рассмотрения жалобы на уведомление о результатах проверки.

30. Согласно статье 148 Налогового кодекса предписание является основанием для проведения налоговой проверки.

В качестве акта о назначении проверки предписание может являться предметом судебного оспаривания, поскольку выносится в рамках осуществления налоговым органом властных полномочий, влечет правовые последствия для налогоплательщика (налогового агента)...

...Внеплановые проверки не могут назначаться и проводиться при отсутствии перечисленных в пункте 3 статьи 145 Налогового кодекса и в пункте 3 статьи 144 Предпринимательского кодекса оснований. Такие проверки подлежат признанию недействительными, а акты об их назначении - незаконными и отмене на основании пункта 1 и подпункта 1) пункта 2 статьи 156 Предпринимательского кодекса, как вынесенные при отсутствии оснований для проведения проверки.

31. Исходя из положений статьи 159 Налогового кодекса о том, что решением по результатам налоговой проверки является вынесенное налоговым органом уведомление о результатах налоговой проверки, в случае несогласия налогоплательщика (налогового агента) с начисленными суммами налогов и других обязательных платежей в бюджет, обязательств по исчислению, удержанию, перечислению обязательных пенсионных взносов, обязательных профессиональных пенсионных взносов, исчислением и уплатой социальных отчислений и (или) взносов на обязательное социальное медицинское страхование и пеней, уменьшением убытков, не подтверждением к возврату сумм превышения НДС и (или) корпоративно-

го (индивидуального) подоходного налога, удержанного у источника выплаты с доходов нерезидентов, обжалованию в судебном порядке подлежит только уведомление. Суд проверяет законность начисления оспоренных сумм с учетом выводов, изложенных в акте налоговой проверки.

Акт налоговой проверки может быть оспорен, если налогоплательщик не согласен с его выводами, не повлекшими приведенные выше последствия, однако влияющими на его права и обязанности, в том числе и в будущих налоговых периодах. Обжалование акта проверки осуществляется в порядке, предусмотренном законодательством Республики Казахстан для обжалования действий должностных лиц налоговых органов.

Исполнение уведомления о результатах налоговой проверки не лишает налогоплательщика права на обжалование исполненного уведомления в порядке и сроки, предусмотренные Налоговым кодексом.

Содержание акта налоговой проверки должно соответствовать требованиям пункта 1 статьи 158 Налогового кодекса. Выводы налогового органа о нарушении налогового и иного законодательства Республики Казахстан, допущенном налогоплательщиком (налоговым агентом), подлежат изложению со ссылкой на нормы законодательства, с обоснованием доводов и раскрытием обстоятельств, свидетельствующих о нарушениях.

Согласно части третьей статьи 129 АППК при рассмотрении иска об обжаловании результатов налоговой проверки налоговый орган может ссылаться только на выводы и обоснования, свидетельствующие о нарушении налогоплательщиком налогового и иного законодательства, которое отражено в акте налоговой проверки...

...32. Согласно принципу определенности налогообложения, установленному статьей 6 Налогового кодекса, налоги

и платежи в бюджет Республики Казахстан должны быть определенными.

Определенность налогообложения означает установление в налоговом законодательстве Республики Казахстан всех оснований и порядка возникновения, исполнения и прекращения налогового обязательства налогоплательщика, обязанности налогового агента по исчислению, удержанию и перечислению налогов...

...Обязанность доказывания обстоятельств, послуживших основанием для принятия налоговым органом оспариваемого акта, возлагается на налоговый орган...

...С учетом положений статьи 128 АППК, на налоговый орган возложена обязанность по представлению в суд доказательств неправомочности возникновения у налогоплательщика налоговой выгоды.

35. При оспаривании налогоплательщиком уведомления о результатах налоговой проверки либо акта проверки по основанию нарушений налоговым органом установленных параграфом 2 главы 18 Налогового кодекса порядка и сроков проведения налоговых проверок суду следует исходить из оценки характера допущенных нарушений и их влияния на законность и обоснованность результатов проверки. В частности, подлежат признанию незаконными результаты проверки, проведенной без предписания, являющегося согласно статье 148 Налогового кодекса основанием для проведения налоговой проверки, либо на основании предписания, которое признано впоследствии незаконным.

Аналогичные последствия наступают, если в нарушение пункта 1 статьи 146 Предпринимательского кодекса предписание на проведение налоговой проверки, за исключением встречной проверки, не было зарегистрировано в уполномоченном органе в области правовой статистики и специальных учетов...

*Председатель Верховного Суда
Республики Казахстан*

*Судья Верховного Суда
Республики Казахстан,
секретарь пленарного заседания*

А. Мергалиев

Г. Альмагамбетова

Салық мәселелеріне қатысты әкімшілік істер бойынша сот практикасын ТАЛДАУ (1-бөлік)

15 қараша 2022

Астана қаласы

Талдау 2021 жылғы маусымнан 2022 жылғы маусымға дейінгі кезеңде әкімшілік істерді, республика соттары шығарған сот актілерін зерделеу негізінде дайындалды.

Талдау жоспары:

1. Кіріспе
2. Әкімшілік процестік заңнаманы қолдану
 - 2.1. Сотқа дейінгі шағымдану тәртібі
 - 2.2. Инвесторлардың салық дауларының соттылығы
 - 2.3. Мемлекеттік баж
 - 2.4. Салық органдары үшін апелляциялық және кассациялық шағымдарды беру ерекшеліктері
3. Материалдық құқық нормаларын қолдану практикасы
 - 3.1. Ескіру мерзімі
 - 3.2. Дәлелдемелер мен дәлелдеу
 - 3.3. ҚҚС бойынша төлеуші ретінде тіркеу
 - 3.4. Жер, мүлік, көлік салықтарын төлеу
 - 3.5. Камералдық бақылау хабарламалары
 - 3.5.1. Хабарламаны орындау тәсілдері
 - 3.5.2. Хабарлама талаптары мен хабарлама шешімінің қорытындыларының арақатынасы
 - 3.5.3. Салық органы керісінше шешім шығармаған кезде хабарламаны орындалды деп тану
 - 3.5.4. Қылмыстық қудалау органдарының үкімдері мен қаулыларының негізінде шығарылған хабарламаларға шағымдану
 - 3.5.5. Салықтық тексерулерді тағайындау туралы нұсқамаларға шағымдану және талап қоюды қамтамасыз ету
 - 3.5.6. Салық органы операцияның жасалғанына күмән келтіретін мәмілелер бойынша салықтық тексерулердің нәтижелеріне шағымдану

Қысқартулар

- ӘРПК – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс
 АПК – Әкімшілік процестік кодекс
 Салық кодекс – Қазақстан Республикасының «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» 2017 кодексі
 МҚД, Департамент – Мемлекеттік кірістер департаменті
 МКБ, Басқарма – Мемлекеттік кірістер басқармасы
 ҚК – Қылмыстық кодексі
 ҚПК – Қылмыстық-процестік кодексі
 КПН – корпоративтік табыс салығы
 ҚҚС – қосымша құн салығы

1. Кіріспе

2021 жылы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті (ӘРПК) енгізу кезінде әкімшілік соттардың алдында Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы мен әкімшілік құқығы үшін жаңа болып табылатын ӘРПК-нің міндеттері мен қағидаттарына сәйкес шешімдер шығару (соттың белсенді рөлі, ұтымдылық, мөлшерлестік, күмәнді талап қоюшының пайдасына түсіндіру) мақсаты тұрды.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті жеке және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін жария-құқықтық қатынастарда тиімді қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақтылы шешу болып табылады. Осылайша практика әкімшілік органның кінәсінің презумпциясы арқылы қалыпташуы тиіс болатын.

Бұл міндет салықтың белгілі бір түрлері, салықтардың сомасын есептеу мерзімі мен мөлшері бойынша төлеушіні уақтылы салықтық тіркеуге қатысты даулар, камералдық бақылау, тексерулер жүргізу және олардың нәтижелеріне шағымдану, салық берешегін өндіріп алу мәселелері бойынша шешілуге жататын салықтық құқықтық қатынастарға толық қатысты.

Бұл талдауда ӘРПК бойынша жүргізілетін сот процестері шеңберінде салық құқығы нормаларын қолдану практикасы ашылды.

2. Әкімшілік процестік заңнаманы қолдану

2.1. Сотқа дейінгі шағымдану тәртібі

Жыл басында Мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соттармен (МАӘС) шағымданудың сотқа дейінгі тәртібі сақталмауына байланысты кері қайтару туралы тәжірибесі болған.

Жалпы алғанда, ӘРПК барлық дауларды бірінші кезекте жоғары тұрған (уәкілетті) әкімшілік органдар қарауы тиіс деген қағида бойынша құрылған.

Әкімшілік органдардың өздері құқық қолдану практикасын өзгертіп, жақсартатындай етіп, ал республикалық деңгейдегі орталық органдар өңірлерде мемлекеттік қызметтер көрсету және бақылау іс-шараларын жүргізу жөніндегі проблемалар мен істердің жай-күйін түсінетіндей етіп міндет қойылған. Осылайша, ӘРПК-нің 91-бабын-

да актіге (әрекетке) алғашқы шағымды оны шығарған органға немесе жоғары тұрған органға түсіру көзделген.

Талап қоюшылардың әкімшілік актіні шығарған органға шағым беру талап етілетіні туралы белгілі бір түсінбеушілігі болды. Мүдделер қақтығысы болжалды. Сонымен бірге, мұндай тәртіп қатені ол болған жағдайда жедел түзету міндеті әкімшілік органның алдына қойылған.

Сонымен қатар, салықтық құқықтық қатынастар үшін көптеген мәселелер, оның ішінде сотқа дейінгі шағымдану бөлігіндегі мәселелер «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекстің (бұдан әрі – Салық кодексі) өзінде барынша толық реттелген.

Тиісінше, ӘРПК-нің 91-бабының 5-тармағына сәйкес салалық заңнамада өзге ережелердің болуына байланысты осы бөліктегі Салық кодексінің нормалары қолданылуға жатады.

Сонымен қатар, талданған жыл ішінде аталған мәселе практикада сыналды. 2022 жылғы қаңтар мен шілде аралығында қайтарымдар әлі де орын алды.

Салық кодексінің 96 және 178-баптарының ережелеріне сүйене отырып, салық төлеуші оның дауын қарау тәртібін таңдауға құқылы: жоғары тұрған органда (МКД, МКК, Қаржы министрлігінің жанындағы Апелляциялық комиссия) не бірден МАӘС-те.

Бүгінгі күні практика біркелкі және талап қоюшының сотқа дейінгі немесе сот тәртібімен өз құқықтарын қорғау тәсілін таңдау құқығының болуы бойынша бірыңғай ұстаным әзірленді. Бұл ретте салық органының актілері мен іс-әрекеттеріне МАӘС-те шағымдану мерзімдері ӘРПК-нің 136-бабының ережелерімен реттеледі.

2.2. Инвесторлардың салық дауларының соттылығы

2.2.1. Өткен жылы инвестициялық соттылық мәселесі талқыланды. Мәселен, ӘРПК-нің 102-бабының үшінші бөлігіне сәйкес инвесторлардың даулары Нұр-Сұлтан қаласы бойынша МАӘС-те қаралуға тиіс.

Инвестордың ұғымы АПК-нің 27-бабының 1-2-бөлігі және Кәсіпкерлік кодекстің 294-баптары ережелерінің призмасы арқылы айқындалады.

Бұл ретте ӘІСА-ның көрсетілген тармақтарды түсіндіруі мынадай.

Сот ісін жүргізу мақсаттары үшін инвесторлар, мысалы, жер қойнауын пайдалануға келісімшарты бар заңды тұлғалар болып табылады. Бұл ретте сот алқасы бұл жағдайда көмірсутектерді (мұнай мен газды) немесе қатты пайдалы қазбаларды өндіруге және барлауға арналған келісімшарттарды негізге алады. Мұндай жобалар бойынша инвестицияларды белгілі бір көлемде салу және осы факт бойынша есептер ұсыну көзделеді. Даулардың осы санаты бойынша мынадай ұйғарым шығарылды: 2022 жылғы 18 қаңтардағы 6001-22-12/6под/2 «Nova Цинк» ЖШС даудың соттылығы бойынша Қарағанды облысы бойынша МКД-ға жатады.

Жер қойнауын пайдалануға арналған 1998 жылғы 27 маусымдағы келісімшарттың болуына байланысты МКД-ға ҚҚС-ты уақтылы қайтармағаны үшін өсімпұл төлеу жөніндегі мемлекеттік кірістер органының әрекетсіздігі бөлігінде серіктестіктің талап қоюы Нұр-Сұлтан қаласы бойынша МАЭС-ке соттылығымен қаралатын болғандықтан ЖС айқындалған.

Апелляциялық шағымдану тәртібімен Нұр-Сұлтан қаласы бойынша мамандандырылған ауданаралық экономикалық сот (МАЭС) қараған инвестициялық даулар Нұр-Сұлтан қаласы бойынша әкімшілік алқада, одан әрі ӘІСА-да қайта қаралатынын жеке атап өтеміз.

Мысалы, құм өндіруге келісімшарты бар заңды тұлғаның жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартқа тау-кендік бөлуге сәйкес жер учаскесін ұсынбауға байланысты әкімге талап қоюы инвестициялық дау ретінде Нұр-Сұлтан қаласы бойынша МАЭС-те, одан кейін ЖС-да қаралды (ЖС ӘІСА-ның 2022 жылғы 3 мамырдағы 6001-22-00-бап/171 қаулысы).

Жалпы алғанда, инвестициялық соттылығына сәйкес талап қою беретін кез-келген талап қоюшы жобаға инвестиция салғанын дәлелдеуі керек (2022 жылғы 27 қаңтардағы 6001-22-00-бап/1 ұйғарымы).

2.2.2. ӘІСА судьяларының ұйғарымдарымен мемлекеттік-жекешелік әріптестік шарты (МЖӘ), оның ішінде концессия шарты болған кезде инвестициялық келісімшарттары және табиғи монополистердің келісімшарттары бар заңды тұлғалардың даулары да инвестициялық даулар болып табылатыны шешілді (2022 жылғы 09 маусымдағы 6001-22-12/6под/12 ұйғарым).

Осы дауда Энергетика министрлігі мен ҚР ҰЭМ-ның Оңтүстік Қазақстан облысы

бойынша Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау комитеті департаментінің бірлескен бұйрығына сәйкес талап қоюшының 2017-2021 жылдарға арналған инвестициялық бағдарламасы бекітілді. Инвестициялық бағдарламаға сәйкес ҚҚС-сыз инвестиция сомасы 2017 жылы – 450 210 000 теңгені, 2018 жылы – 467 148 000 теңгені, 2019 жылы – 484 915 000 теңгені, 2020 жылы – 509 950 000 теңгені, 2021 жылы – 517 563 000 теңгені құрайды.

Жоғарыда айтылғанның негізінде Түркістан облысының МАЭС-і талап қоюшының инвестор екенін анықтады, егер МЖӘ немесе концессия шарты болған жағдайда ӘІСА осындай ұстаныммен келісті және ол сотқа ұсынылуы мүмкін.

2.2.3. Шетелдік компанияның филиалы не жарғылық капиталының 50 және одан да көп пайызы бар заңды тұлғаның салық органына нарызылығы болған жағдайларда, мұндай дауды, егер субъект құрылтай құжаттары, қаржылық есептілік арқылы өзінің күрделі сипаттағы инвестицияларын растай алса, Нұр-Сұлтан қаласы бойынша МАЭС-те қаралуы мүмкін (Schachtbau Kasachstan ЖШС-ның Ақтөбе облысы бойынша МКД-ның Хромтау ауданы бойынша МКБ-ға талап қоюына қатысты 6001-22-00-бап/1 2022 жылғы 27 қаңтардағы ұйғарым).

Бұл анықтамада неміс құрылтайшысының жарғылық капиталға 50% үлесімі бар екендігі көрсетілген. Сонымен бірге, шетелдік заңды тұлғаның өзі даудың тарабы болып табылмайды. МКБ-ның хабарламасы төлем көзіндегі КТС-ке қатысты. Тиісінше, даулы құқықтық қатынастар серіктестікке инвестициялар мәселесімен байланысты емес.

Жұмыс орындарын құру және тек қана сауда (дистрибьютерлік) қызметі сот ісін жүргізу мақсаттары үшін инвестициялық қызмет ретінде қарастырылмайды. Аталған тәсіл шетелдік капиталды сот арқылы қорғуды жокқа шығармайды, өйткені аталған даулар аумақтық негізде қаралуы мүмкін.

2.3. Мемлекеттік баж

2.3.1. Салық кодексі салық даулары үшін арнайы мемлекеттік бажды анықтайды. Іс-әрекеттерге (МКБ, МКД, МКК шешімдеріне) және камералдық бақылау хабарламаларына шағымдану үшін 5 АЕК қолданылады.

Салықтық тексерулердің нәтижелері бойынша хабарламаларға шағымдану үшін қосымша есептелген соманың 1 пайызы қолданылады, бірақ 20 000 АЕК-тен аспайды.

Бұл ретте мемлекеттік баж әрбір талап үшін төленеді. Мысалы, ӘІСА 2022 жылғы 28 маусымдағы 6001-22-00-6ар/830 қаулыда осындай кемшілікті көрсетті, онда үш талап болғанымен, тек бір талап үшін мемлекеттік баж салығы төленген:

- камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаның күшін жою және заңсыз деп тану туралы,

- камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы хабарламаны тану туралы шешімді заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы,

- шағымды қарау нәтижелері бойынша шешімнің күшін жою.

2.3.2. Бұл ретте, ӘІСА мемлекеттік кірістер органдарының мемлекеттік баж төлеуден босатылғанын да атап өтеді. Алайда, даудан жеңіліп қалған жағдайда, олар сот шығындарын өтеуден босатылмайды (АПК-нің 109-бабы).

2.3.3. «Asia Coal Treid» ЖШС-ның Алматы қаласы бойынша МКД-ға қатысты 2021 жылғы 8 қазандағы МАӘС ұйғарымына және Алматы қалалық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 11 қарашадағы ұйғарымына кассациялық шағымы бойынша мемлекеттік баж мәселесі 2022 жылғы 3 наурыздағы № 6001-22-00-бап/123 қаулыда жеке қаралған.

3.5.6.5. Сол сияқты, салық заңнамасының айқындылығы қағидаттарын негізге ала отырып, сот алқасы «АлАкта Энерджи» ЖШС-ның Маңғыстау облысының МКД-ге КТС және ҚҚС қосымша есептеу бөлігінде шағымды қарау қорытындылары туралы хабарламаны заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы талап қоюы бойынша 2022 жылғы 14 сәуірдегі №6001-22-00-бап/88 қаулыны шығарды.

Серіктестік корпоративтік табыс салығын және қосылған құн салығын қосымша есептеу бөлігінде шағымды қарау қорытындылары туралы салық органының хабарламасын заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы талап қойып сотқа жүгінді.

Маңғыстау облысының МАӘС-нің 2021 жылғы 6 қыркүйектегі шешімімен серіктестіктің талабы қанағаттандырылды. Салық төлеушінің 2020 жылғы 31 мамырдағы №204/1 шағымын қарау қорытындылары туралы Департаменттің қосымша есептеу бойынша хабарламасының күші жойылды: ірі кәсіпкерлік субъектілері мен мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдерді қоспағанда, заңды тұлғалардан 63 044 422 теңге сомада КТС және 8 278 665 теңге мөлшерінде өсімпұл; Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген тауарларға, орындалған жұмыстарға және көрсетілген қызметтерге 9 900 541 теңге сомада ҚҚС және 4 403 591 теңге мөлшерінде өсімпұл.

Маңғыстау облыстық сотының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының 2021 жылғы 24 қарашадағы қаулысымен бірінші сатыдағы соттың шешімі өзгеріссіз қалды.

Кассациялық шағымда жауапкер салықты қосымша есептеу үшін жалған жеткізілімдер, негізгі құралдар мен жалдамалы жұмысшылардың болмауы негізге алынды деп санайды. Оның пікірінше талап қоюшы сотқа ұсынған алғашқы бухгалтерлік құжаттар операциялардың жалған көрініс жасауы үшін жасалған.

ӘІСА осы іс бойынша мынадай тұжырымдарға келді. Салық кодексінің 115-бабының 2) және 4-1) тармақшаларына сәйкес шегеруге және есепке жатқызуға:

сот үкімінде немесе қаулысында көрсетілмеген не сот азаматтық-құқықтық тәртіппен жарамды деп таныған салық төлеушілермен мәмілелер бойынша шығыстарды қоспағанда, сот анықтаған қылмыстық қызмет басталған күннен бастап жүргізілген, заңды күшіне енген сот үкімі немесе қаулысы негізінде жалған кәсіпорын деп танылған салық төлеушімен операциялар бойынша шығыстар;

Салық кодексінің 579-бабында айқындалған тәртіппен әрекетсіз деп танылған салық төлеушімен оны әрекетсіз деп тану туралы бұйрық шығарылған күннен бастап операциялар бойынша шығыстар;

шот-фактураны және (немесе) өзге құжатты жазып беру жөніндегі әрекетті (іс-қимылды) сот жеке кәсіпкерлік субъектісі жұмыстарды нақты орындамай, қызметтер көрсетпей, тауарларды тиеп-жөнелтпей жасаған (жасаған) деп танылған мәміле (операция) бойынша шығыстар;

заңды күшіне енген сот шешімінің негізінде жарамсыз деп танылған мәміле бойынша шығыстар жатпайды.

Мұндай жағдайда заңда көрсетілген мән-жайлар жоқ.

Сот көрсетілген шарттар бойынша қызметтерді «DDL Trade» ЖШС, «Адал Құрылыс-2015» ЖШС орындағанын анықтады.

Маңғыстау облысының МАЭС-нің 2020 жылғы 29 мамырдағы шешімімен Қ. С. Сейтенованың «DDL Trade» ЖШС-ға, «Адал Құрылыс-2015» ЖШС-ға 2015 жылғы 21 қазандағы № 30/09 автокөлік құралдарын жалдау шартын, 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 32 көлік қызметтерін көрсету шартын және 2015 жылғы 25 желтоқсандағы №16 автокөлікті және арнайы техниканы басқару бойынша қызметтер көрсетуге арналған аутсорсинг шартын жарамсыз деп тану туралы қойған талаптарын қанағаттандырудан бас тартылды.

Аталған сот шешімімен дау айтылған шарттар «Фирма Физтех» ЖШС-мен, «Тасболат Ойл Корпорейшн» ЖШС-мен, «Статус Сервис» ЖШС-мен, «КОМ-Мұнай» ЖШС-мен жасалған шарттар бойынша серіктестіктің қызметтерді тиісінше орындау мақсатында жасалғаны анықталды.

Бұдан басқа, серіктестіктің көрсетілген контрагенттермен жасалған шарттар бойынша қызметтер көрсетуі шот-фактуралармен, орындалған жұмыстар актілерімен, жол парактарымен, тауар-көлік жүкқұжаттарымен және тапсырыс берушілердің өтінімдерімен расталды.

АПК-нің 76-бабының екінші бөлігіне сәйкес соттың бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген шешімімен немесе қаулысымен анықталған мән-жайлар сот үшін міндетті. Мұндай мән-жайлар тап сол тұлғалар қатысатын басқа да азаматтық істерді талқылау кезінде қайта дәлелденбейді.

Осыған ұқсас норма әкімшілік істер бойынша преюдицияны көздейтін ӘРПК-нің 119-бабында қамтылған.

Бұл жағдайда жауапкер талап қоюшының «DDL Trade» ЖШС-мен және «Адал Құрылыс-2015» ЖШС-мен өзара есеп айырысуы бойынша шығыстар мен ҚҚС шегерімдерінен алып тастау үшін негіздердің жоқтығын куәландыратын дәлелдемелер ұсынбаған, сонымен хабарлама беру және салықты қосымша есептеу үшін құқықтық негіздер болған жоқ.

Жауапкердің кассациялық шағымына баяндалған дәлелдер бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда қаралды және оларға тиісті құқықтық баға берілді.

3.5.6.6. Осыған ұқсас тәсіл ШҚО-ның сот актілері өзгеріссіз қалдырылған 2022 жылғы 29 наурыздағы 6001-22-00-бап/174 және 6001-22-00-бап/174(2) кассациялық шағымдар бойынша қаулыда көрсетілген.

Тексеру актісінен анықталғандай, Серіктестіктің «Challenger Сауда Компаниясы» ЖШС-мен өзара қарым-қатынасында тауар-көлік жүкқұжаттарында автокөлік құралының жұмысын есепке алу көрсеткіштері туралы толық ақпарат жоқ, сондай-ақ автокөлік құралын бастапқы есепке алудың негізгі құжаты-жол парактары ұсынылмаған. «Challenger Сауда Компаниясы» ЖШС сенімсіз болып табылады, ол бастапқыда 2011 жылғы 21 маусымда МКБ-де тіркелген, тіркеу орнын бірнеше рет өзгерткен. 2018 жылғы 4 қаңтардан бастап Нұр-Сұлтан қаласының Алматы ауданы бойынша МКБ-де тіркелді.

Бірінші сатыдағы сот талап қоюшының өсімпұлдың тиісті сомасымен 7 142 857 теңге сомасына КТС қосымша есептеу бөлігінде 2021 жылғы 21 маусымдағы №427/1 хабарламаны заңсыз деп тану және күшін жою туралы талаптарын қанағаттандыра отырып, Департамент Серіктестік пен «Challenger Сауда Компаниясы» ЖШС-ның арасында жасалған мәмілелер елеусіз (жалған) болып табылатыны туралы ешқандай дәлел келтірмегенін негізге алды, оның ішінде мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы сот актілерінің нәтижелерін ұсынбаған, ал аталған

өнім берушілер мәмілелер жасалған кезде ҚҚС бойынша есепте тұрған.

Осылайша, апелляциялық алқа бірінші сатыдағы соттың өсімпұлдың тиісті сомасымен 7 142 857 теңге сомасына КТС қосымша есептеу бөлігінде 2021 жылғы 21 маусымдағы №427/1 хабарламаны заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы қорытындыларымен мына негіздер бойынша келісті.

Салық органы «Challenger Сауда Компаниясы» ЖШС-ға қатысты қарсы тексеру жүргізбеген, оның жүргізу барысында нақты жұмыстарды орындамай және қызмет көрсетпей шот-фактураны жазып беру жөніндегі әрекеттерді жүзеге асыру фактілері анықталуы мүмкін еді.

2016 жылғы 6 сәуірдегі №50 шартқа сәйкес «Challenger Сауда Компаниясы» ЖШС Серіктестікке м³ үшін 23 000 теңге бағамен 826 м³ мөлшерінде киыршық тас беруге міндеттенді. Тауарды жеткізу сатушының автокөлігімен жүзеге асырылады.

2016 жылғы 6 сәуірдегі тауар-көлік жүкқұжатынан жүргізуші Т. Кыржибаев мемлекеттік нөмірі №f811 HLN Камаз 65115 автомашинасымен Көл станциясынан Курчатова қаласы, Спортивная к-сі, 20-ға 18,3 тонна киыршық тас жеткізгені анықталды.

Жүргізуші Т. Кыржибаевқа берілген жол парағында мемлекеттік нөмірі №f811 HLN Камаз 65115 автомашинасы, спидометрдің көрсеткіштері, жанармайдың қозғалысы, медициналық тексеруден өткені туралы мөртабан көрсетілген, тапсырыс берушінің талонында жұмыс істеген сағаттар саны көрсетілген.

Тауарларды жеткізу кезінде «Challenger Сауда Компаниясы» ЖШС ҚҚС бойынша тіркеу есебінде тұрған және шот-фактураларды заңды түрде жазған.

Осылайша, Серіктестік салық органына бастапқы бухгалтерлік құжаттарды ұсынды: жүкқұжаттар, шот-фактуралар, тауар-көлік жүкқұжаттары, өнім берушінің қаржы-шаруашылық операцияларын нақты жасау фактілерін растайтын жол парақтары.

Ал салық органы өз кезегінде Салық кодексінің 143-бабының, 140-бабының 7-тармағының талаптарын орындамай: Серіктестікпен операцияларды жүзеге асыратын тұлғаларға сұрау салулар жібермеген және қарсы тексерулер жүргізбеген.

Салық органы сотта жұмыстарды нақты орындамай шот-фактураларды жазып беру орын алғанын растайтын дәлелдемелерді ұсынбаған. Әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту фактілері тіркел-

меген. Жауапкершілікке тартудың мүмкін болмайтыны тиісті процестік құжаттармен расталмаған.

Салық кодексінің 8-бабына сәйкес салық органдары салық төлеушінің (салық агентінің) салық міндеттемесін орындау жөніндегі әрекеттерді (әрекетсіздікті) жүзеге асыруының адалдығын сақтауға тиіс.

Салық органы «пирамида» талдамалық есебін жүргізбеді, ол тапсырыс беруші алдындағы міндеттемелерін орындауы үшін нақты өнім берушіге қызметтерді көрсеткен, жұмыстарды орындаған немесе тауарларды берген тұлғалардың тізбесін анықтауға мүмкіндік береді.

«Challenger Сауда Компаниясы» ЖШС жалған кәсіпорын болып танылған жоқ, оны заңды тұлға ретінде тіркеудің жарамсыздығы туралы шешім болмаған.

Мұндай жағдайларда тараптардың кассациялық шағымдарын қанағаттандыру үшін негіздер жоқ, іс бойынша шығарылған сот актілері күшінде қалдырылуға жатады.

3.5.6.7. Осылайша, ӘІСА салық заңнамасының нормаларын сөзбе-сөз қолдану қажеттілігін ұстанады. Бұл ретте нормаларды мұндай қолдану Салық кодексінің, ҚК-нің және ӘРПК-нің қағидаттарына қайшы келмеуге тиіс.

«Altyn Grain Group» ЖШС-ның Ақмола облысы бойынша МКД-ге 2021 жылғы 8 маусымдағы № 216 тексеру нәтижелері туралы хабарламаны заңсыз деп тану туралы талап қоюы бойынша шығарылған 2022 жылғы 5 мамырдағы 6001-22-00-бап/278 қаулыны талдауға ерекше назар аударуға тұрарлық.

Іс материалдары және 2021 жылғы 08 маусымдағы № 216 салықтық тексеру актісі (бұдан әрі – тексеру актісі) бойынша, атап айтқанда, МКД-нің деректері бойынша тәуекелдерді басқару жүйесіне сәйкес компанияға тәуекелі жоғары салық төлеуші мәртебесі берілді.

Компания 2018 жылы құрылған, ішкі нарыққа да, экспортқа да трейдер ретінде дөнді дақылдарды көтерме сатумен айналысады. Компания сонымен қатар цементтің трейдингтік бизнесін дамыту мүмкіндігін қарастырды.

2018 жылы Компанияның жылдық жиынтық кірісі (бұдан әрі – ЖЖК) 2 582 074 829 теңгені құрады, 2019 жылы – 3 669 812 569 теңге. Бұл ретте, 2018 жылы салық жүктемесінің коэффициенті (бұдан әрі – СЖК) 0,5696%, 2019 жылы – 1,0933% болды. Көтерме сауда үшін (автомобильдер мен мотоциклдерді қоспағанда) Ақмола облысы бой-

ынша заңды тұлғалар үшін СЖК-нің орташа салалық мәні 2019 жылы 4,2% -ды құрады.

Сот алқасының сұрағына талап қоюшы компания өзінің бизнес-моделінде СЖК бойынша ауытқуды түсіндіру үшін қандай маржа салғанын түсіндіре алмады.

Алқа іс материалдарын зерделей отырып, салықтық қарсы тексерулермен расталмауына байланысты шегерімдері азайтылған компанияның бірқатар өнім берушілерінің сол бір өкілі бар екенін атап өтті. Мысалы, К.С.Амришев:

- талап қоюшының өнім берушісі – ДК «Ж. А. Мұхамеджанова» білдіреді,

- талап қоюшының өнім берушісі – «Эмпрес» ЖШС-ны білдіреді,

- «Altyn Grain Group» ЖШС-ның қызметкерлері үшін ұйымдастырылған семинарда «Эмпрес» ЖШС-да яғни талап қоюшының тарапынан білім алушының сертификаты бар,

- «Altyn Grain Group» ЖШС-ның қызметкерлері үшін ұйымдастырылған семинарда «All Inclusive» ЖШС-да, яғни талап қоюшының тарапынан білім алушының сертификаты бар,

- талап қоюшының өнім берушісі - «Qaz Smart Technology» ЖШС-ның құрылтайшысы және басшысы болып табылады.

Сол сияқты С.А. Кукс, ол талап қоюшының қызметкері, бірақ сонымен бірге талап қоюшының өнім берушісі – «Alibek & Somrapu» ЖШС-ның мүдделерін білдіреді (сот отырысында берген түсіндірмесіне өз басшысының өтініші бойынша).

Жоғарыда айтылғанның негізінде сот алқасы мұндай жағдайда жоспардан тыс тексеруді тағайындау және компанияның профилінің тәуекелі негізделген деп келіседі.

Жалпы алғанда, МКД талап қоюшының жеті контрагентіне қатысты көлік, курьерлік, оқыту қызметтері, техникалық қолдау, жарнамалық қызметтер, тауарлар, жер учаскелері нарығын зерттеу, ішкі құжат айналымы үшін құжат үлгілерін әзірлеу сияқты қызметтер бойынша қосымша есептеулер жүргізді.

МКД көрсетілген мәмілелерді растайтын құжаттар ұсынылмағандықтан, өнім берушілер салық есептілігін тапсырмағандықтан, тиісінше қызмет көрсету үшін қажетті активтері болмағандықтан, жалған деп санайды.

Жергілікті соттар МКД-нің ұстанымымен келісті.

Сот алқасы МКД-де мәмілелердің жалғандығы мен жарамсыздығын анықтауға өкілеттік жоқ деп санайды. Бұл азаматтық

соттың құзыретіне кіреді. Тиісінше, бұл қорытынды заңды емес және қосымша есептеу үшін негіз бола алмайды.

Бұдан басқа, көрсетілген өнім берушілерді тексеру актісінде де, қарсы тексерулерде де осындай «айыптау бағытта» бола отырып, МКД талап қоюшының не оның контрагенттерінің құқыққа қайшы әрекеттері үшін жауапқа тартылған күшіне енген сот актілерін келтірмейді.

Сонымен қатар сот алқасы МКД-нің және жергілікті соттардың аталған қызметтерді сатып алу қажеттілігінің жоқтығына қатысты қорытындысы да негізді емес екенін атап өтті. Кәсіпкерлік еркіндігі әр кәсіпкердің өзі бизнесті жүргізу және дамыту үшін қандай қызметтер қажет екенін өзі шешетіндігіне байланысты.

Салық мақсаттары үшін жұмсалған шығыстарды жатқызу мақсатында салық төлеуші бастапқы құжаттаманың болуын және қарсы салықтық тексеру кезінде контрагенттердің аталған транзакцияларды жүргізгенін растауын қамтамасыз етуге тиіс.

Сот алқасы 2018 жылғы 01 қазандағы 18 шартты (№79-96) және «СҚО Сапа» ЖШС-мен жасалған 2018 жылғы 03 желтоқсандағы бірнеше шартты зерттеді. Барлық көрсетілген шарттар бірыңғай үлгі бойынша жасалған. Бұл ретте шарттарда тасымалдауды қайдан, қайда, қандай мерзімде жүзеге асыру қажет екендігі нақты көрсетілмеген. Тасымалдау клиенттің өтініміне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс. Іс материалдарында өтінімдер жоқ.

Талап қоюшы әр шарт жеке тасымалдауға жасалғанын түсіндірді. Сот отырысында талап қоюшының сөзіне қарағанда, клиенттерден астық алынды және оның бір бөлігі экспортталды, бұл кедендік декларациялармен расталады. Сотқа көрсетілген дәлелдемелер ұсынылмаған.

Талап қоюшы сотқа тауар-көлік жүкқұжаттарын (бұдан әрі – ТКҚ) ұсынды. МКД екі контрагент бойынша көрсетілген ТКҚ 1984 жылғы 29 маусымдағы КСРО Қаржы министрлігі мен КСРО ЦСУ үлгісі бойынша жасалғанын атап өтті. Сот алқасы бұл істе шарттардың өзінен жасау мүмкін болмағандықтан, құжат үлгісінің өзі маңызды емес, тасымалдауды сәйкестендіру мүмкіндігі маңызды деп санайды.

Алайда барлық ұсынылған ТКҚ тек талап қоюшының қолымен және мөрмен расталады. Сот алқасы көрсетілген ТКҚ-ны нақты өнім берушіге және шартқа жатқыза алмайды. Бұдан басқа, істің материалдарынан анықталғандай, ТКҚ-ны дайындауды 2019

жылы үшінші тұлға - талап қоюшымен жалған шартқа сәйкес «Alibek & Company» ЖШС жүзеге асырған.

Сондай-ақ талап қоюшы «СҚО Сапа» ЖШС-мен қарым-қатынас бойынша шот-фактуралар мен жүкқұжаттарды ұсынды. «ПрофТитанСнаб» ЖШС бойынша ұқсас құжаттар іс материалдарында табылған жоқ.

Осы өнім берушілер бойынша төлем қолма-қол ақшамен жүргізілді. Алайда МКД-нің мәліметтеріне сәйкес, екі компанияда да қызмет көрсету кезінде бақылау-кассалық машиналар болмаған. Іс материалдарында «СҚО Сапа» ЖШС-ның бірқатар чектерінің сапасыз көшірмелері бар. Алайда, өнім берушіде БКМ-нің болмау бөлігінде МКД-нің өзге ұстанымына, сондай-ақ аталған компаниялардың өкілдері сот процестеріне келмеуіне, пікірлер білдірмеуіне, өз ұстанымын түсіндірмеуіне, талап қоюшының дәлелдерін қолдауға немесе теріске шығаруға ниет білдірмеуіне байланысты сот алқасы өнім берушіден чектердің бар-жоғын нақты анықтай алмайды.

Мұндай мән-жайларда сот алқасы бизнес моделінің негізінде жалпы дәнді дақылдарды тасымалдау жүзеге асырылуы керек деп санайды. Сонымен қатар, СК-нің 242-бабына сәйкес алынған қызметті берушіні және КТС мақсаты мен ҚҚС есепке жатқызу үшін шешегімдердің негізділігін сәйкестендіруге болатын талап қоюшының бастапқы құжаттамасы болуы тиіс.

«ПрофТитанСнаб» ЖШС бойынша дәлелдемелермен салыстырғанда, «СҚО Сапа» ЖШС-мен өзара есеп айырысу жөніндегі құжаттар пакеті неғұрлым толық болып табылады, алайда көрсетілген өнім берушілер бойынша шығыстардың нақты мөлшерін растау үшін жеткілікті емес.

Жоғарыда баяндалған фактілердің негізінде сот алқасы аталған шығыстар корпоративтік табыс салығының (бұдан әрі – КТС) мақсаттары үшін шегерілетін шығыстар болып табылмайды деп есептейді.

Бұл ретте сот алқасы «Ж.А. Мұхамеджанова» ДК мен «Эмпрес» ЖШС-ның қызметтер көрсету үшін қажетті жұмыскерлері мен өзге де активтері / қосалқы мердігерлік шарттары бар болу фактісін растайтын салық есептілігінің нысандарын ұсынбау бөлігіндегі жергілікті соттардың ұстанымын және МКД-нің дәлелдерін назарға алмады. Ж.А. Мұхамеджанованың өзі басқаратын бизнеске қатысты салық тәртібі талап қоюшыға емес, нақты салық төлеушіге қатысты релеванттығы кезінде жеке салықтық бақы-

лау және жауапкершілік шаралары мәселесі болып табылады.

Сонымен қатар, талап қоюшының жоғары тәуекелді салық төлеуші профилінің болуына, сондай-ақ мәмілелеріне күмән келтірілген өнім берушілерде сенім білдірілген тұлғалар ретінде сол бір тұлғалардың болуына байланысты сот алқасы Ж.А. Мұхамеджанова ДК мен «Эмпреса» ЖШС-ның баға белгілеуіне және растайтын құжаттарына қатысты сыни көзбен қарайды.

Осылайша, компанияның сайтын құруға бағытталған 30 млн. теңге мөлшеріндегі материалдық шығын (№1 кестедегі 1-жол) мұндай сайттың нақты болуымен расталмайды (іздіктеу талап қоюшының атымен жүзеге асырылды). Тиісінше, қызмет көрсету және SEO жоқ сайтты оңтайландыру бойынша шығындар (2-кестедегі 9-жол) сот алқасының пікірі бойынша негізді болып табылмайды.

Сондай-ақ алқаның пікірі бойынша қараша және (немесе) желтоқсандағы тренингтерге арналған шығыстар бойынша (2-кестенің 1-жолы) 22, 5 млн.теңге мөлшерінде мұндай тренингтерге компания қызметкерлерінің ғана емес басқалардың қатысу мүмкіндігі болған кезде негізді болып табылмайды.

Сот алқасы 11,2 млн.теңгеге тимбилдингтер (1-кестедегі 5-жол және 2-кестедегі 2-жол) көрсетілген мөлшерде пайда алуға бағытталған шығыс деп есептеуге болмайды деп тұжырымдайды. 3,9 млн. теңгеге арналған мерекелік фуршеттер де пайда алуға бағытталған шығыстар болып табылмайды. Егер оларды талап қоюшы өкілдік шығыстар ретінде қараған жағдайда, олар СК-нің 245-бабының 3-тармағына сәйкес ресімделуге тиіс.

Ж.А. Мұхамеджанованың өзі сот процесі туралы хабардар бола отырып, жергілікті соттарға да, кассациялық сатыдағы сотқа да талап қоюшының дәлелдерін қолдау немесе теріске шығару үшін келген жоқ. Онымен өзара есеп айырысу қарсы тексерумен расталмаған.

Тиісінше, сот алқасы осы қатынастар бойынша салықты қосымша есептеу заңды деп санайды.

Осыған ұқсас тәсілді ӘІСА барлық басқа транзакцияларға қатысты қолданды, онда талап қоюшының бизнес профиліне байланысты емес шығындар болған немесе мұндай шығындарды растайтын бастапқы құжаттар болмаған.

**Салық мәселелері жөніндегі әкімшілік істер
бойынша сот практикасын
ТАЛДАУ
(2-бөлік. Халықаралық салық салу мәселелері)**

2023 жылғы 28 сәуір

Астана қаласы

Талдау 2022 жылғы маусым мен 2023 жылғы мамыр аралығындағы кезеңде республика соттары шығарған әкімшілік істерді, сот актілерін зерделеу негізінде дайындалды.

Талдау жоспары:

1. Кіріспе
2. Қосылған құн салығы (ҚҚС)
 - 2.1. Экспорттаушыларға ҚҚС қайтару (қайтарылатын ҚҚС сомасын растау рәсімі)
 - 2.2. Белгіленген мерзімнен кейін қайтарылған ҚҚС сомалары бойынша өсімпұл есептеу
3. Резиденттің кірісін тұрақты мекемеге жатқызу
 - 3.1. Көрсетілетін қызметтерге салық салу. Өзара келісу рәсімін қолдану
 - 3.2. Бейрезиденттің қызмет көрсетуі және бюджеттен ТК-ден КТС қайтару арқылы тұрақты мекеме құру
 - 3.3. Дивидендтерге салық салу
4. Конвенцияларды роялтиге қолдану
 - 4.1. ТК-ден КТС қайтару бойынша тексерулер жүргізу тәртібі
 - 4.2. Роялтиді көрсетілетін қызметтерден ажырату өлшемшарттары
 - 4.3. Дивидендтерге салық салу тәртібі
5. Трансферттік баға белгілеу

Қысқартулар

- ӘРПК – Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс
АПК – Азаматтық процестік кодекс
Салық кодексі – 2017 жылғы «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекс
МКД, Департамент – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстың Мемлекеттік кірістер департаменті
КТС – корпоративтік табыс салығы
ҚҚС – қосылған құн салығы

1. Кіріспе

Траншекаралық операцияларға салық салудағы сенімділіктің айқындылығы мемлекеттің тартымдылығының негізгі өлшем-шарттарының бірі болып табылады. Әсіресе, бұл мемлекетіміздің экономикасында экспорт элементінің болуына байланысты өзекті, бұл ҚҚС қайтаруды және трансферттік баға белгілеуді білдіреді.

Бұдан басқа, жаңа технологиялар импорты бар, ал бұл роялти, дивидендтер төлеуді және тұрақты мекемелер құру мәселесін білдіреді.

Бұл талдауда ӘРПК бойынша, халықаралық салық салу мәселелері бойынша жүргізілетін сот процестері шеңберінде салық құқығы нормаларын қолдану практикасы ашылды.

2. Қосылған құн салығы (ҚҚС)

2.1. Экспорттаушыларға ҚҚС қайтару (қайтарылатын ҚҚС сомасын растау рәсімі)

Кез келген қаржылық модельде, әсіресе ірі кәсіпорындарда бір бөлігі ҚҚС-ты қайтару болып табылатын ақша ағынына көп

бөлінеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ҚҚС белгілі бір критерийлерге сәйкес келетін экспорттаушыларға қайтарылады. Бұл ретте экспорттаушының тақырыптық салықтық тексеруден өтуі қайтарудың кепілі болып табылады, мұнда валюталық түсім (екінші деңгейдегі банктер), нақты экспорт (кеден органы), өнім берушілермен өзара есеп айырысулар (Пирамида) расталады.

Мәселен, «Ақтөбе мыс компаниясы» ЖШС-нің (бұдан әрі – АМК) Департаментке қайтаруға расталмаған бөлігінде салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаның күшін жою туралы талап-арызы бойынша ЖС ӘІСА 2023 жылғы 7 наурыздағы №6001-22-00-бап/2098 қаулысымен мынадай дау шешілді.

Жауапкер «Пирамида» талдамалық есебіне сәйкес Серіктестіктің қарсы агенттерінде бұзушылықтардың болуы ҚҚС сомасын қайтармауға әкеледі деп есептеді. МАӘС-тың 2022 жылғы 6 мамырдағы шешімімен және қаланың апелляциялық сатыдағы сотының 2022 жылғы 18 тамыздағы қаулысымен талап-қоюдан бас тартылды. Жалпы, талапкер салықты қайтаруға қайтадан арыз бере алады деген ұстаным болды.

Талапкер салық органы тақырыптық тексерудің шегінен шығып кетті деп есептеді

және ҚҚС қайтарудан бас тартуды негіздеу үшін Серіктестікке ҚҚС қайтару мәлімделген операциялармен байланысты емес бұзушылықтарды артып қойды, бұл «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекстің (бұдан әрі – Салық кодексі) 152-бабының 12-тармағын бұзады.

Тыңдаулар кезінде талапкер өзінің дәлелдерін мақұлдап, ҚҚС-ты қайтаруға жаңа өтініш беру және салықтың бұрын расталған бөлігінен бас тартылуы мүмкін болғандықтан, жаңа салықтық тексеру жүргізу оның құқықтық ұстанымының нашарлауына алып келетінін көрсетті.

Жауапкер өз ұстанымын өзгертпеді, алайда кассациялық сатыда шағымдану кезінде талапкердің 27 контрагентінің 14-і уәкілетті органдардан жауап алғанын атап өтті және осы материалдарды іске қосуға және шешім шығару кезінде ескеруге өтініш білдірді.

ЖС ӘІСА мынадай негіздер бойынша сот актілерінің күшін жойды.

Құжаттық салықтық тексеру актісінен «Пирамида» қалыптастырылған талдамалық есебіне сәйкес Серіктестіктің бірінші деңгейдегі 27 өнім берушісі бойынша бұзушылықтар анықталды, оларда өткізу бойынша ҚҚС сомасын азайту белгіленген.

Салық кодексінің 152-бабы 12-тармағының 2) және 3) тармақшаларына сәйкес салықтық тексеру аяқталған күнгі сомалар шегінде ҚҚС қайтарылмайды:

2) тексерілетін салық төлеушінің өнім берушілері бойынша «Пирамида» талдамалық есебін талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталды;

3) ҚҚС сомаларының дұрыстығы расталмаған.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 391 бұйрығымен бекітілген Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару қағидаларының (бұдан әрі – Қағида) 11-тармағына сәйкес қайтаруға ұсынылған ҚҚС асып кеткен сомалардың дұрыстығын, сондай-ақ бюджеттен көрсетілетін қызметтерді алушыға қайтарылған, оған қатысты оңайлатылған қайтару тәртібі қолданылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау бойынша тақырыптық тексеру жүргізу кезінде мемлекеттік кірістер органы тексерілетін салық кезеңі үшін ақпараттық жүйені қолдана отырып, тексерілетін көрсетілетін қызметті алушы бойынша өнім берушілер бойынша «Пирамида» талдамалық есебін қалыптастырады.

Қағидалардың 12-тармағына сәйкес са-

лық органы мыналар:

-) «Пирамида» есебін талдау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою үшін Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағының 10) тармақшасында көзделген камералдық бақылау нәтижелері бойынша салық органдары анықтаған бұзушылықтарды жою туралы хабарлама (бұдан әрі – хабарлама) жіберу бойынша;

-) Салық кодексінің 143-бабына сәйкес көрсетілетін қызметті алушының өнім берушілері және (немесе) өнім берушінің (бұдан әрі – өнім беруші) өнім берушілерін қарсы тексерулерді тағайындау бойынша да шараларды қабылдайды.

Салық Кодексінің және Қағидалардың жоғарыда аталған нормаларынан сот алқасы ҚҚС қайтару үшін ҚҚС есептеу және *тікелей* өнім берушілердің экспорттаушымен жасалған мәміле бойынша төлеу бойынша қайтаруға арыз берілген ҚҚС төлеу бойынша бұзушылықтардың жоқ екендігі маңызды деген қорытындыға келеді.

Экспорттаушының өнім берушісінде үшінші тұлғалармен мәмілелер бойынша бұзушылықтардың болуы не болмауы экспорттаушыға «Бюджеттен қосылған құн салығын қайтару» мемлекеттік қызметін көрсетуге әсер етпеуге тиіс.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, Департаменттің тікелей өнім берушінің және экспорттаушының мәмілелерін ғана емес, өнім берушілердің барлық мәмілелерін (екінші және кейінгі деңгейлер) талдау қажеттігіне қатысты кассациялық шағым шеңберінде ауызша айтылған және Актіде көрсетілген ұстанымы дәрменсіз болып табылады.

Осылайша, жауапкер Тексеру актісінде талапкер мен оның тікелей өнім берушілері арасындағы өзара қатынастарды талдау фактісін (бірінші деңгей) көрсете отырып, іс жүзінде келесі деңгейдегі өнім берушілерді, яғни талапкер мәміле жасамаған заңды тұлғалардың міндеттемелерінің орындалуын тексереді. Осылайша, жауапкер құқық нормасын кеңінен қолданады.

Салық кодексінің 152-бабы 12-тармағының 2) тармақшасына сәйкес тексерілетін салық төлеушінің өнім берушілері бойынша салықтық тексеру аяқталған күні «Пирамида» талдамалық есебін талдау нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған сомалар шегінде ҚҚС қайтару жүргізілмейді. Бұл ретте аталған тармақта «Пирамида» талдамалық есебінің нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды ҚҚС асып

кеткен сомасын қайтарудың оңайлатылған тәртібін қолдануға құқығы бар салық төлеушілердің тікелей өнім берушілері жойған жағдайда 2) тармақшаның ережелері қолданылмайды делінген.

Осылайша, тараптардың тексеру жүргізу тәртібі бойынша, өнім берушілер орындаған хабарламалар, ҚҚС бойынша есептіліктегі сәйкессіздіктер бойынша әртүрлі ұстанымдары бар екендігіне және талапкердің ҚҚС қайтарудың оңайлатылған тәртібіне құқығы бар екендігіне орай, сот алқасы қолданылатын материалдық құқыққа мынадай құқықтық баға береді:

-) «Пирамида» есебі тікелей өнім берушілер бойынша қалыптастырылады (яғни талапкерге қызмет көрсеткен (жұмысты орындаған), талапкерден есептелген ҚҚС сомасы шеңберінде тауар жеткізген адамда айналымның көрсетілуі тексеріледі);

-) Салық кодексінің 152-бабының 10-тармағына сәйкес «Пирамида» есебі шеңберінде МҚД талапкердің тікелей өнім берушілеріне Салық кодексінің 114-бабы 2-тармағының 10) тармақшасында көзделген хабарламаны (камералдық бақылау) жіберуге тиіс. Осы хабарлама Салық кодексінің 96-бабына сәйкес салық төлеушінің хабарламаларды орындауы үшін көзделген мерзімдерді ескере отырып жіберілуге тиіс;

-) тексеру аяқталған кезде тексерушілер қойылған хабарламаларды тікелей өнім берушілермен пысықтағанына көз жеткізуге тиіс. Бұл ретте Салық кодексі жауапкерді осы фактіні тексерудің қолданылатын құралдарында шектемейді, «Пирамида» есебін қайта бастауға тыйым салмайды.

ӘРПК-нің 5-бабының екінші бөлігіне сәйкес жеке тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың жария-құқықтық қатынастардағы құқықтарын мен заңды мүдделерін тиімді қорғау және қалпына келтіру мақсатында әкімшілік істерді әділ, бейтарап және дер кезінде шешу әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті болып табылады.

Талапкер кассациялық шағымда тексеру аяқталған күні бұзушылықтарды жойған 13 өнім беруші бойынша фактілерді келтіргенін ескере отырып, жауапкер 14 өнім беруші бойынша материалдарды қоса тіркеу туралы өтінішхатты мәлімдеді, істі объективті қарау мақсатында және ӘРПК міндеттерін негізге ала отырып, сот алқасы жауапкерге талапкер мен оның тікелей өнім берушілері (27 компания) арасындағы соттың құқықтық ұста-

нымын ескере отырып, даулы кезеңде өзара есеп айырысуларды тексерудің және тиісті ҚҚС төлеудің қайталама әкімшілік рәсімін жүргізу жөнінде міндеттеме жүктеуді орындады деп тапты.

Бұл ретте, тексеру шеңберінде белгіленген және талапкердің өтініші бойынша бастамашылық жасалған Тексеру актісінде көрсетілген барлық қалған фактілер мен мән-жайларға дау айтылмайтындығына байланысты жаңа әкімшілік рәсімді қозғау (жаңа тексеруді тіркеу) талап етілмейді.

Осылайша, осы іс бойынша жаңа шешім шығарылды, салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарлама күшін жойды. Сот Департаментті талапкердің арызы бойынша қозғалған әкімшілік рәсімді соттың құқықтық ұстанымын ескере отырып, қайта жүргізуге және аяқтауға міндеттеді.

Әкімшілік сот ісін жүргізудің ерекшелігі – істі қайтадан әкімшілік рәсім жүргізуге жіберу мүмкіндігі болып табылады.

Осындай тұжырымдар 2022 жылғы 8 желтоқсандағы №6001-22-00-бап/1172 қаулысында көрсетілді, онда ҚҚС қайтару мәселесі де шешілген.

Мәселен, ҚҚС сомасының дұрыстығы бойынша тексерушіде сұрақтар туындаған жоқ. Мәмілелерді растайтын құжаттар салықтық тексеру барысында талданды, оның ішінде: шот-фактуралар, төлем құжаттары, шот карточкалары, бухгалтерлік есеп регистрлері, келісімшарттар, шарттар, ҚҚС бойынша декларациялар, кедендік декларациялар, тауар-көлік жүкқұжаттары, тауарларды әкелу туралы арыздар, авиажүкқұжаттар – яғни мәмілелер жасау, тауарларды тасымалдау фактісін растайтын дәлелдер.

МҚД және жергілікті соттар Алматы қаласы Түрксіб аудандық сотының С.С. Лукашов (талапкердің меншік иесі) С.В. Змейковқа сенімхат бергенін және өз кәсіпорнымен айналыспағанын көрсетіп, С.В. Змейковқа қатысты 29.03.2021 ж. үкіміне (бұдан әрі – үкім) сілтеме жасайды.

Алайда, Алматы қ.СМЭС-тің 10.09.2019 ж. заңды күшіне енген шешімі бар, оған сәйкес Алматы қ. Медеу ауданы ІІБ-нің «Азия Аэроснаб» ЖШС-не мемлекеттік тіркеуді жарамсыз деп тану туралы талап арызын қанағаттандырудан бас тартылды. Кейіннен шағымданғаннан кейін бұл шешім өзгеріссіз қалды және күшіне енді.

Осылайша, ҚҚС қайтарылғанын растаудан бас тарту тек үкімге байланысты. Экспорт кеден органының деректерімен, банктермен және тексеру актісінде көрсетіл-

гендей бастапқы құжаттамамен расталады.

Тиісінше, көрсетілген бөлімде талапкердің дәлелдері негізделген болып табылады.

Салық кодексі қайтарудан бас тартудың нақты негіздерін белгілейді. Бұл ретте, көрсетілген негіздерде тексерушілердің тексеру актісінде көрсетілген негіздері болмайды.

Талапкердің дәлелі мынадай негіздер бойынша негізделген болып табылады:

1. Талапкерді тіркеу жарамды. Тиісінше, ол ҚҚС қайтаруға талап қоюға құқылы,

2. Бұған дейін Талапкер 2017 жылдың 4 тоқсанына ҚҚС қайтару туралы талап қойған, онда соманың бір бөлігі қайтаруға расталған. Тиісінше, талапкерді тіркеудің жарамсыздығы фактісі күмән тудырмады,

3. Контрабандалық әрекет жасау фактісі бойынша үкім күшіне енгеннен кейін С.В. Змейков салық органы талапкердің тіркеуін немесе мәмілелерін жарамсыз деп тану туралы талап-арыз берген жоқ. Тиісінше, осы фактіні растайтын сот актілері жоқ.

4. Талапкер контрабандалық әрекетке байланысты болуы мүмкін ҚҚС сомаларын қайтаруға ұсынбады.

Осылайша, МҚД мен жергілікті соттардың С.В. Змейковқа қатысты үкімге сілтемесі кеден органдары растаған экспорт фактісі болған кезде ҚҚС қайтарудан бас тартуға және осы банктерден туындайтын валюталық түсімді алуға негіз болып табылмайды.

Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, сот алқасы талапкердің өтініш берген кезде мерзімі аяқталмаған талап қою мерзімдерін ескере отырып, мәлімделген кезең үшін ҚҚС қайтаруға құқығы бар деп санайды.

Бұл ретте МҚД Салық кодексі талаптарының және соттың құқықтық ұстанымының сөзбе-сөз орындалуын ескере отырып, қайтаруға жататын нақты соманы есептеген жөн.

Осылайша, талапкерге салықтық тексеру аяқталған кезде жауапкер ескіру мерзімінің аяқталуына байланысты салық төлеушіден бас тарта алмайды, өйткені бастапқы қайтару өтініші уақтылы берілген.

Келесі дауда салық органы салық төлеуші өзінің экспортын растай алмады деп есептеді. Алайда соттар бұл ұстаныммен келіспеді. Мәселен, ЖС ӘІСА-ның 2023 жылғы 4 сәуірдегі № 6001-22-00-бап/1775 қаулысында «Жайықмұнай» ЖШС мен Департамент арасындағы тексеру нәтижелері туралы хабарламаны заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы дау қаралды.

Астана қаласы МАӘС-ның 2022 жылғы 30 наурыздағы шешімімен және Астана қаласы сотының ӘІСА-ның 2022 жылғы 12 шілдедегі қаулысымен талап-арыз қанағаттандырылды. Тексеру нәтижелері туралы хабарлама Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағына экспортты растамау себебінен ҚҚС қайтарудан бас тарту бөлігінде заңсыз деп танылды және оның күші жойылды.

Іс материалдарынан Департамент Серіктестікке ҚҚС есептеудің дұрыстығы мен төлеудің уақтылығы, сондай-ақ қайтаруға ұсынылған ҚҚС сомаларының дұрыстығын растау мәселесі бойынша тақырыптық салықтық тексеру жүргізгені көрінеді. Талап қоюда ЕЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына мұнай өнімдерінің экспортын растамау себебінен ҚҚС сомасын қайтаруды растаудан бас тарту бөлігінде хабарлама дауланады.

Салық кодексінің 446-бабының 1-тармағына сәйкес тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕЭО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағына экспорттаған кезде ҚҚС нөлдік мөлшерлемесі қолданылады. Салық кодексінің 152-бабының 5-тармағына сәйкес мұндай экспорт кезінде Салық кодексінің 447-бабында көрсетілген құжаттардан алынған мәліметтер ескеріледі, яғни:

1) шарттар (келісімшарттар);

2) аумағына тауарлар импортталған ЕЭО-ға мүше мемлекеттің салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу, жанама салықтарды төлеу және (немесе) төлеуден босату және (немесе) төлеудің өзге тәсілі туралы арыз не өтініштердің тізбесі;

3) тауарларды ЕЭО-ға мүше мемлекеттің бірінің аумағынан ЕЭО-ға мүше мемлекеттің екіншісінің аумағына өткізуді растайтын тауарға ілеспе құжаттардың көшірмелері.

Салықтық тексеру барысында талапкер:

1) Беларусь Республикасынан; Ресей Федерациясынан; Қырғыз Республикасынан сатып алушылармен сұйытылған көмірсутек газын экспорттауға арналған шарттар;

2) аумақтарына тауарлар импортталған Беларусь Республикасының, Ресей Федерациясының және Қырғыз Республикасының салық органдарының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтарды төлеу туралы арыздар;

3) тауарлардың ҚР аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағына өткізілуін растайтын теміржол көлігі жүкқұжаттарының телнұсқалары (жөнелтуші үшін).

Салық органы «Келген күні» деген 27-бағандағы межелі станцияда тасымалдаушының күнтізбелік мөрқалыбының бедері бар теміржол жүктері жүкқұжатының ұсынылмағанын ҚҚС сомасын қайтаруды растаудан бас тарту үшін негіз деп көрсетеді (Халықаралық теміржол жүк қатынастары туралы келісімнің «Жүкқұжатты толтыру бойынша түсініктемелер» 8-бабы).

Салық органының пікірінше белгісі жоқ жүкқұжаттың телнұсқасы межелі станцияда тауарларды ҚР аумағынан ЕАЭО-ға мүше басқа мемлекеттің аумағына өткізуді растайтын тауарға ілеспе құжат ретінде қарастыруға болмайды.

Халықаралық теміржол жүк қатынасы туралы келісімнің 2-бөлімінің 7-тармағына сәйкес жүкқұжаттың телнұсқасы өткізу шарты жасалғаннан кейін жөнелтушіге беріледі. Жүкқұжаттың түпнұсқасы, жүктің келгені туралы хабарлама парағы жүкті межелі станцияға дейін алып жүреді және жүкті алушыда, жол ведомосы тасымалдаушыда болады.

Демек, жөнелтушіге арналған жүкқұжаттың телнұсқасы жүкті межелі станцияға дейін алып жүрмейтіндіктен, онда тасымалдаушының күнтізбелік мөрқалыбының бедері болмайды.

Сонымен бірге іс материалдарында тауарлардың ЕАЭО аумағы бойынша өткізілуін растайтын құжаттар бар: теміржол жүкқұжаттары түпнұсқаларының, жол ведомостарының және жүктердің РФ-ға, Беларусьқа және Қырғызстанға келгені туралы хабарламалардың межелі станциядағы тасымалдаушылардың күнтізбелік мөрқалыбының бедері бар көшірмелері. Талапкер өкілінің түсіндірмесінен көрсетілген құжаттарды талапкер сатып алушылардан сотқа ұсыну үшін талап еткендігі көрінеді, өйткені салық органдары жүкқұжаттардың телнұсқаларын назарға алған жоқ.

Талапкер ұсынған құжаттардың толықтығын қамтамасыз ету және дұрыстығын растау мақсатында бірінші сатыдағы сот жауапкерге ЕАЭО КК-нің 49-тарауының тәртібімен Ресей Федерациясының, Беларусь Республикасының және Қырғыз Республикасының кеден органдарынан сатып алушылары сауалға қосымшада көрсетілген компаниялар болып табылатын сұйытылған көмірсутек газының (пропан-бутан қоспасы) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер елдерінің кедендік аумағына экспортын растайтын мәліметтер сұратуды тапсырды.

Соттың сауалдарына аталған мемлекет-

тердің мемлекеттік қызметтері талапкердің 2019-2020 жылдар кезеңінде газ жеткізгенін растады.

Дауды шешіп және талапты қанағаттандырып, жергілікті соттар талапкердің сотқа анық дәлелдер ұсына отырып, тауарды (сұйытылған газды) ЕАЭО елдері мемлекеттерінің аумағына экспортын растауы туралы дұрыс қорытындыға келді, бұл ҚҚС сомасын қайтаруды растаудан бас тарту туралы тексеру актісінің қорытындыларын заңсыз деп тану үшін негіз болды.

Осылайша, соттар тексеру актісі қорытындыларының және қайтаруға жататын ҚҚС сомасын растаудан бас тарту туралы хабарламалардың заңсыздығы туралы шешім қабылдады. Бұл ретте салық органына ҚҚС көрсетілген асып кеткен сомасын қайтару жөнінде міндет жүктелмеген, өйткені салық төлеушіге ҚҚС асып кеткен сомасын жеке шоттан қайтару тәртібі Салық кодексінің 49-тарауына сәйкес тексеру актісі қорытындыларының және хабарламаның шағымданбаған бөлігінде ескере отырып жүзеге асырылуға тиіс.

2.2. Белгіленген мерзімнен кейін қайтарылған ҚҚС сомалары бойынша өсімпұл есептеу

Салық төлеушілерге қайтарылуға жататын ҚҚС іс жүзінде компаниялардың ақшасы болып табылатындығына орай, оны уақтылы қайтармаған кезде салық төлеушілердің атына төленуге тиісті өсімпұл пайда болады.

Аталған ұстаным ЖС ӘІСА-ның МКҚН-нің Басқармаға ҚҚС-ны уақытылы қайтармағаны үшін өсімпұлды есептеу және аудару мәндетін жүктеу туралы талап-арыздары бойынша 2023 жылғы 5 қаңтардағы №6001-22-00-бап/2350 және 2022 жылғы 20 желтоқсандағы №6001-22-00-бап/1535 қаулыларында көрсетілген.

Мәселен, ЖС ӘІСА-ның №6001-22-00-бап/2350 қаулысында тексеру нәтижелері туралы хабарламада және құжаттық салықтық тексеру актісінде 2021 жылғы 1 тоқсандағы ҚҚС асып кеткен сомасы қайтаруға расталғаны, қайтару 2021 жылғы 25 қарашада ғана жүргізілгені, ал бұл әрекет 2021 жылғы 3 қыркүйекті қоса алғанда кешіктірілмей жүргізілуге тиіс екендігі көрсетілген.

МАӘС-тың 2022 жылғы 21 маусымдағы шешімімен, апелляциялық сатыдағы соттың 2022 жылғы 15 қыркүйектегі қаулысымен

және ЖС ӘІСА қаулысымен талап-арыз қанағаттандырылды.

Іс материалдарынан салық органының ҚҚС асып кеткен сомасын қайтаруы 80 күнге кешіктіріліп жүргізілгені көрінеді.

Басқарма қайтаруға расталған асып кеткен ҚҚС-тың уақтылы қайтарылмауын дауламай, қайтарудың өтіп кеткен мерзімі талапкер көрсеткендей 80 күн емес, 78 күн, яғни 2021 жылдың 8 қыркүйегі мен 25 қарашасы аралығында екендігі туралы дәлелдер келтіреді. Сондай-ақ жауапкер қайтару мерзімдерін бұзуға тиісті бақылау шоттарында қолма-қол ақшаның болмауы салдарынан жол берілгенін көрсетеді.

Сот алқасы жергілікті соттардың Салық кодексінің 431, 432 және 434-баптарында көзделген ҚҚС қайтару мерзімі бұзылған кезде салық органының ережелері императивті болып табылатын Салық кодексінің 104-бабы 4-тармағының тәртібімен өсімпұл есептеу жөніндегі міндеті туындайтын тұжырымдарымен келіседі.

Қазынашылық органдары банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға теңестірілген, салық органдарының ҚҚС асып кеткен сомасын қайтаруға төлем тапсырмаларын орындайды және олардың мемлекет атынан ҚҚС асып кеткен сомасын бюджеттен салық төлеушіге қайтару немесе қайтармау туралы дербес шешімдер қабылдауға құқығы жоқ.

Салық кодексінде өсімпұлды есептеуден босату үшін, оның ішінде қазынашылық бөлімшелерінің тиісті шоттарында ақша жеткіліксіздігінің негіздері бойынша негіздер көзделмеген.

Жергілікті соттар мерзімі өткен күндер саны Салық кодексінің 431-бабының 2-тармағына сәйкес, яғни декларация ұсыну үшін белгіленген мерзімнен бастап күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін 55 жұмыс күні негізге алына отырып есептелуге тиіс екендігіне дұрыс баға берді.

Басқарма серіктестіктің салықтарды есепке жатқызуды немесе қайтаруды жүргізгісі келетіндігі туралы алдын ала анық біле алмайтындықтан, Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 19 наурыздағы № 391 бұйрығымен бекітілген Қосылған құн салығының асып кетуін қайтару қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) сәйкес кешіктіру өтініш берілген күннен бастап есептелуге тиіс екендігі туралы дәлел де негізсіз.

«Құқықтық актілер туралы» Заңның (бұдан әрі – Заң) 10-бабының 2-тармағына сәй-

кес Салық кодексі нормативтік құқықтық актілер иерархиясы бойынша Қазақстан Республикасы министрлерінің нормативтік құқықтық бұйрықтарынан жоғары тұр. Салық кодексі ҚҚС қайтару мерзімдерін нақты айқындайды. Тиісінше, Салық кодексінің 104-бабы 4-тармағының нормасы тікелей қолдануға жатады.

Бұл ретте декларация ұсыну үшін белгіленген мерзімнен бастап күнтізбелік 30 күн өткеннен кейін 55 жұмыс күнін есептеген кезде Заңның 14-бабының 3-тармағын басшылыққа алған жөн. Осылайша, Уақыт кезеңімен айқындалатын мерзімнің өтуі Қазақстан Республикасының Конституциясында көрсетілген оқиға басталған күннен басталатын конституциялық мерзімдерді қоспағанда, оның басталуы айқындалған күнтізбелік күннен немесе оқиға басталғаннан кейінгі келесі күні басталады. Бұл есептеу кезінде кешіктіру 80 күнді құрайды.

Өсімпұл төлеу ұлттық қауіпсіздікке қауіп төндіреді деген дәлел де дәлелденбеген. Керісінше, Басқарма өкілі төтенше жағдайға (пандемияға) байланысты жалпы аймақ бойынша осындай сипаттағы 3 шағым ғана бар екенін атап өтті.

3. Бейрезиденттің кірісін тұрақты мекемеге жатқызу

3.1. Көрсетілетін қызметтерге салық салу. Өзара келісу рәсімін қолдану

Аталған мәселе ауқымды инженерлік, мұнай сервистік, тау-кен өндіру және құрылыс объектілерін іске асыру үшін Қазақстанға құрылыс алаңын жобалауды, салуды, қадағалауды жүзеге асыра алатын, ноу-хауды, жаңа технологиялар мен бағдарламаларды бере алатын компаниялар шақырылатындығына байланысты өзекті болып табылады.

Тиісінше, бейрезиденттер персоналды ҚР-ға жіберу және құрылыс алаңдары арқылы тұрақты мекеме құра алады. Егер мұндай тұрақты мекеме нақты елмен Қосарланған салық салуды болдырмау туралы конвенцияның 5-бабының уақытша тестіне сәйкес құрылатын болса, онда осындай тұрақты мекеме арқылы алынған кірістерге Қазақстанда салық салынуға тиіс.

Осылайша, осы салада тұрақты мекеме құру фактісін анықтау және оған ол арқылы да, оның бас офис арқылы да алынған пайданы жатқызу негізгі мәселелер болып табылады.

2023 жылғы 19 қаңтардағы №6001-22-00-бап/1073 қаулысында мынадай жағдай талданды.

«Exalo Drilling» АҚ (бейрезидент) КТС мен өсімпұлды есептеу бөлігінде тексеру нәтижелері туралы хабарламаны заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы талап қоя отырып, сотқа МКД-ға қарсы талап-арызбен жүгінді.

МАӘС-тың 2021 жылғы 19 қазандағы шешімімен және ӘІСА-ның 2022 жылғы 11 сәуірдегі қаулысымен талап-арыздан бас тартылды.

Жалпы МКД талапкерге:

1) шегерімдерді растайтын құжаттарсыз 69 323 048 теңге сомасына асырғандығын;

2) бас офистің жалпы әкімшілік және басқару шығыстарының (бұдан әрі – «ЖАБШ») шегерімдерін 1 134 712 456 теңге сомасына асырғандығын;

3) 10% таза кіріске корпоративтік табыс салығының (бұдан әрі – КТС) төмендетілген мөлшерлемесін негізсіз қолдануды тағады, бұл салықты 226 230 379 теңге мөлшерінде қосымша есептеуге алып келді.

Кассациялық шағымда талапкер көрсетілген барлық позицияларға шағымданады. Талапкер даулы сот актілерін шығарған кезде соттар материалдық немесе процестік құқықтың нормаларын бұзып, дұрыс қолданбағанын атап өтті. Атап айтқанда:

1) соттар Конституцияның 4-бабының 3-тармағын елемеді, оған сәйкес Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады;

2) даулы сот актілері 1995 жылғы 21 сәуірде ратификацияланған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс пен капиталға қосарланған салық салуды жою және салық төлеуден жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның (бұдан әрі – «Конвенция») 10-бабының 6-тармағын бұзып шығарылған;

3) соттар КТС және қосылған күн салығы бойынша декларациялардың алшақтықтары Департаменттің филиал шегерімдерін алып тастауы үшін негіз бола алмайтындығы фактісін елемеді;

4) Компанияның сертификатты неғұрлым кеш мерзімде ұсыну мүмкіндігі туралы дәлелі ҚР Жоғарғы сотының қаулысымен расталады;

5) соттардың талап қоюдың ескіру мерзімдері бөлігіндегі қорытындылары салық төлеушінің адалдық қағидатын бұзады;

6) сот шешімі ӘРІПК-нің 152-бабында

оның мазмұнына қойылатын талаптарға сәйкес келмейді.

Апелляциялық сатыдағы сот осы іс бойынша осындай бұзушылықтарға мыналарға орай жол берді.

Конституцияның 4-бабының 3-тармағына, 2008 жылғы Салық кодексінің 2-бабының 5-тармағына және 2017 жылғы Салық кодексіне сәйкес, егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта Салық кодексіндегіден өзгеше қағидалар белгіленсе, аталған шарттың қағидалары қолданылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» ҚР Заңының 20-бабының 1-тармағы Қазақстан Республикасының қолданыстағы әрбір халықаралық шартын Қазақстан Республикасының міндетті және адал орындауына жатады деп көзделеді.

Сот алқасы 2020 жылдың 01 қарашасында салықтық тексеру аяқталғаннан кейін талапкер екенін анықтады:

- 2020 жылғы 26 қарашада Конвенцияның 25-бабына сәйкес Польшаның құзыретті органына Қазақстан Республикасының құзыретті органымен өзара келісу рәсімін жүргізу туралы № дкр11.9149.38.2020 арызбен жүгінді. Арызда жауапкер тексеру нәтижесінде көрсеткен барлық негіздер көрсетілген. Конвенцияның 3-бабының 1-тармағына сәйкес Қазақстанда «құзыретті орган» – бұл Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі (бұдан әрі – ҚР Қаржымині) немесе оның уәкілетті өкілі;

- 2020 жылғы 20 желтоқсанда ҚР Қаржыминіне хабарламаға № Kaz/2020/84 шағым жолдады.

2021 жылғы 3 ақпанда Польша Республикасының Қаржы, қорлар және өңірлік саясат министрлігі (Конвенцияның мақсаттары үшін Польшаның құзыретті органы, бұдан әрі – ПР Қаржымині) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – ҚР Қаржымині МКК) атына А.Бағыбаев пен А.Нұрпейісовке (ЭЫДҰ ақпаратына сәйкес байланыс деректері) талапкердің арызының көшірмесімен бірге өзара келісу рәсімін өткізу туралы электрондық хат жолдады.

Кассациялық алқаның сот отырысында А.Бағыбаев (ҚР Қаржымині департамент директорының орынбасары) бұл сауалды алғанын, алайда оның ҚР Қаржымині МКК-ден жұмыстан шығуына және ҚР Қаржыминіне ауысуына байланысты ол кезеңде қаралмағанын және назардан тыс қалғанын

түсіндірді.

2021 жылғы 21 маусымда ҚР Қаржымині ПР Қаржыминінің сауалын ескерместен, хабарламаны өзгеріссіз қалдыру туралы № 004-ДА/ЗТ-П-3735 шешім шығарды, ал талапкердің шағымдары қанағаттандырылмады.

2021 жылғы 23 тамызда ПР Қаржымині Қазақстан Республикасының атына қайтадан жазбаша арыз жолдады. А.Бағыбаев бұл сауалды алғанын растады. Алайда, талапкер МАӘС-қа әкімшілік талап-арыз бергендігіне орай, бұл сауал да жауапсыз қалды.

Сонымен қатар, Конвенцияның 25-бабының 1-тармағына сәйкес, егер адам Уағдаласушы Мемлекеттердің біреуінің немесе екеуінің де әрекеттері осы Конвенцияның ережелеріне сәйкес емес салық салуға алып келеді деп есептесе, ол осы Мемлекеттердің ішкі заңнамасында көзделген қорғау құралдарына қарамастан, өз ісін өзі резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органдарына қарау үшін ұсына алады.

Осылайша, Конвенцияның осы нормасына сәйкес Қоғам Польшаның резиденті бола отырып, Конвенцияға сәйкес емес оның салық салу тәртібін бұзушылықтарды жою мақсатында өзара келісу рәсімін жүргізу үшін ПР Қаржыминіне жүгінді.

Конвенцияның 25-бабының 2-тармағына сәйкес құзыретті орган, егер ол талапты негізді деп санаса және егер ол өзі қанағаттанарлық шешімге келе алмаса, Конвенцияға сәйкес келмейтін салық салуды болғызбау мақсатында мәселені екінші Уағдаласушы Мемлекеттің құзыретті органымен өзара келісім бойынша шешуге ұмтылатын болады.

Осылайша, ПР Қаржымині наразылықты негізді деп тауып, Қазақстан Республикасының құзыретті органына жүгінді.

Конвенцияның кіріспесіне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Польша Республикасының Үкіметі қосарланған салық салуды жою және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтарудың алдын алу үшін екі Мемлекет арасындағы экономикалық, ғылыми, техникалық және мәдени байланыстарды нығайтуға және дамытуға ұмтылысты басшылыққа ала отырып, Конвенция жасады.

Халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясының (бұдан әрі – Вена конвенциясы) 31-бабына сәйкес:

1. Шарттардың контекстінде олардың терминдеріне берілуге тиіс әдеттегі мағынаға

сәйкес, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарына орай Шарт адал түсіндірілуге тиіс.

2. Шартты түсіндіру мақсатында контекст кіріспені қоса алғанда, мәтіннен басқа қосымшаларды да қамтиды.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, сот алқасы халықаралық шарттың, атап айтқанда Конвенцияның ережелерін адал орындау негізінде екі мемлекеттің құзыретті органдары арасында Конвенцияның мақсаттарына қол жеткізуге бағытталған және Қаржымині бастамашы болған өзара келісу рәсімі жүргізілуге тиіс деп санайды.

Бұл ретте Вена конвенциясының 26 және 27-баптарына сәйкес, *раста sunt servanda* – әрбір қолданыстағы шарт оған қатысушылар үшін міндетті және олар оны адал орындауға тиіс. Қатысушы шартты орындамауы үшін ақтау ретінде ол өзінің ішкі құқығының ережелеріне сілтеме жасай алмайды.

Осылайша, сот алқасының пікірінше, Қоғамның сотқа талап-арыз беруі ҚР Қаржыминінің не оның ҚР Қаржымині МКК уәкілетті өкілінің өзара келісу рәсімін жүргізу міндеттемесін тоқтатпайды.

Бұдан басқа, ӘРПК-нің 427-бабы төртінші бөлігінің 4) тармақшасына сәйкес, егер сот іске қатысуға тартылмаған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселені шешсе, кез келген жағдайда бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылуға жатады.

Бұл іске мүдделі тұлғалар ретінде қатысу үшін Польша тарапымен өзара келісудің бастамашылық рәсіміне орай ҚР Қаржымині мен ҚР Қаржымині МКК-ні тартқан жөн.

Баяндалғанды ескере отырып, сот алқасы істі толық, жан-жақты және объективті қарау үшін әкімшілік істі бірінші сатыдағы соттың жаңадан қарауына жіберу және өзара келісу рәсімінің нәтижесін ескере отырып шешім шығару қажет деп санайды.

Қорытындылар:

Жалпы, халықаралық шарттарды қолдану және ҚР Үкіметінің халықаралық міндеттемелерді орындауы мәселесі қойылған барлық шағымдарда ЖС ӘІСА келісімдердің бағыты мен мақсаттарын қатаң сақтайды. Көрсетілген міндеттемелерді орындамау елдің беделіне теріс әсер етуі және шетелдік инвесторларды Қазақстанға тарту кезінде салдары және республика үшін жобалардың қымбаттауы болуы мүмкін.

Тиісінше, қосарланған салық салу фактілері орын алған тікелей салық төлеуші қорғау үшін Польшаның уәкілетті органы-

на жүзінгендіктен және Конвенцияда көзделген рәсімге бастамашылық жасалғандықтан, істі кешенді және әділ шешу үшін ҚР Қаржыминінің мүдделі тарап тартуға тиіс.

Жалпы, әрбір әкімшілік орган өзіне жүктелген функцияларды уақтылы жүзеге асыруға тиіс. Бұл мәлімдеме Министрліктер үшін де әділ. Сотқа дейінгі тәртіппен қаралуы мүмкін барлық мәселелер, олар шындығында сотқа дейін шешілген жағдайда, Үкіметке мәселелерді кешенді шешуге мүмкіндік беруге тиіс.

3.2. Бейрезиденттің қызмет көрсетуі арқылы тұрақты мекеме құру және бюджеттен ТК-ден КТС қайтару

Келесі дауда «Doosan Heavy Industries & Construction Co., Ltd (Дусан хеви индустриес энд констракшн)» АҚ-ның Департаментке талап-арызы бойынша 2022 жылғы 13 желтоқсандағы №6001-22-00-бар/1072 қаулымен талапкер тұрақты мекеме құрылмаған және тиісінше бейрезидент ҚР-да салық төлеуге міндетті емес, яғни табыс төлеу кезінде одан Қазақстанда ұсталған салықты қайтаруға құқығы бар деп санайтын мәселе қаралады.

Талап-арыз 2021 жылғы 8 қаңтардағы төленген табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешімді заңсыз деп тану туралы, 2017-2020 жылдар аралығындағы кезеңде төленген табыс салығын қайтару туралы шешім қабылдауға мәжбүрлеу туралы болды.

Атырау облысының МАӘС 2021 жылғы 27 желтоқсандағы және Атырау облысының ӘІСА 2022 жылғы 26 сәуірдегі шешімі талап-арыздан бас тартты.

АҚ Оңтүстік Корея Республикасында заңды тұлға ретінде тіркелген компания болып табылады. Қызмет түрі – бастапқы металл өңдеу және кәдімгі жабдық, көлік техникасы, электр сигналымен құлақтандыру жүйесі бойынша көрсетілетін сервистік қызметтер және сигнал беру жүйелері, электрмен жабдықтау және басқару құрылғысы, электр жабдығы, өндірістік процесті автоматты өлшеу және бақылау үшін жарақтандыру, су беру қызметі, қоғамдық құрылыстар, зауыттар (өнеркәсіптік), техникалық жарақтандыру құрылысы.

2014 жылғы 27 желтоқсанда АҚ мен «Karabatan Utility Solutions» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (бұдан әрі – ЖШС) арасында «Ұлттық индустриялық мұнай-хи-

мия технопаркі. Электр станциясы» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылымдық объектілерін салу» жобасын жобалауға, материалдық-техникалық қамтамасыз етуге және іске асыруға арналған құрылысты басқаруға шарт (бұдан әрі – шарт) жасалды.

2015 жылғы 22 сәуірде АҚ Қазақстан Республикасындағы филиалды (бұдан әрі – филиал) тіркеді.

2014 жылы жасалған шартты орындау 2020 жылды қоса алғанда жүзеге асырылды. Шарт шеңберінде орындалған жұмыстардың актілері 2017 жылдан бастап 2020 жыл кезеңінде жасалды.

Қоғам Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Корея Республикасының Үкіметі арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс салығына қатысты салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенция (бұдан әрі – Конвенция) негізінде 2017 жылдан бастап салық кезеңдері үшін төлем көзінен ұсталатын корпоративтік табыс салығын (бұдан әрі – ТК-ден КТС) қайтаруға МКД-ға өтінішпен жүгінді.

2021 жылғы 08 қаңтарда МКД Қоғамның қызметі Қазақстан Республикасында тұрақты мекеменің құрылуына алып келді (бұдан әрі – МКД шешімі) деген уәжбен салықтық өтініштерді қараудан бас тартты. МКК-нің 2021 жылғы 08 қыркүйектегі шешімімен ТК-ден КТС-ті қайтарудан да бас тартылды.

Талапкер шартты оффшорлық және он-

шорлық қызметтерге бөлінуге байланысты талапкер бас офис орындаған оффшорлық бөлікке жататын ТК-ден КТС-ті қайтаруды алуға құқылы деп уәждеп, МКД-ның ТК-ден КТС-ті қайтарудан бас тарту жөніндегі әрекеттеріне шағымданды.

Кассациялық шағымда АҚ мынадай дәлелдерді көрсетеді:

1-дәлел. Соттар нормативтік құқықтық актілердің нормаларына және жауапкердің дәлелдерін растамайтын, керісінше оларды жоққа шығаратын өзге де құжаттарға сілтеме жасайды, ЭЫДҰ-ның Модельдік Конвенциясына тұрақты мекеменің (бұдан әрі – ТМ) кірісін айқындау бөлігінде Түсініктемелердің ережелерін қолдану қажет. Бұл жағдайда кірістің оффшорлық бөлігін ТМ-ға тартуға болмайды.

2-дәлел. Конвенция мен «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Кодекстің (бұдан әрі – ҚР СК) нормалары талапкерде Корея Республикасында табыс салығын төлеу туралы дәлелдемелердің болуын талап етпейді.

ЖС ӘІСА осы іс бойынша жергілікті соттар шешімдерінің күшін жою үшін негіздер белгіледі.

1 және 2-дәлелдер бойынша.

1. Шарт бойынша талапкер орындайтын жұмыстар мен көрсететін қызметтер мынадай түрде оффшорлық және оншорлық бөліктерге бөлінеді.

Көрсетілетін орны	Оншор – Қазақстан	Оффшор – Оңтүстік Корея
Кім көрсетті	Алматы қаласындағы филиал	Бас офис
Қай бухгалтерлік және салық есебінде көрсетілген	Алматы қаласындағы филиал	
Көлем	- инженерлік жобаны бейімдеу; - авторлық қадағалауды техникалық қолдау; - талапкер әзірлеген және бекіткен жобалық құжаттаманың толық жиынтығын сараптамаға ұсыну; - құрылысты басқару; - ҚР шегінде тасымалдау	- жобалау; - инженерлік-жобалау жұмыстары; - жабдықты беру; - Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде жүзеге асырылатын тасымалдау
Құнын бөлу	53 730 000 АҚШ долл.	256 270 000 АҚШ долл.

ТК-ден КТС есептеу әдіснамасын айқындау мақсатында жоғарыда көрсетілген шарттық талаптар болған кезде сот алқасы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жанындағы Халықаралық кеңес мүшесінің 2022 жылғы 29 қарашадағы қорытындысын

(бұдан әрі – қорытынды) алды.

Осы қорытындыда Конвенцияны қолдану бойынша жауапкер ұсынған және жергілікті соттар қолдаған ұстанымнан өзгеше ұстаным көрсетілген.

2. Қорытындыны ескере отырып, сот

алқасы жергілікті соттар Конвенция мен ҚР СК ережелерін қолдану кезінде «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Заңның ережелерін ескере отырып, жобалау, инженерлік-жобалау жұмыстары мен құрылыс жұмыстары қаншалықты бірдей жұмыс түрлері болып табылатынына баға бермегенін атап өтті.

Жергілікті соттар ҚР СК 645-бабы 8-тармағының нормаларына да талдау жүргізген жоқ.

3. Сондай-ақ сот алқасы талапкердің оған 226 472 076 теңге мөлшерінде ТК-ден КТС сомасын қайтаруды сұрағанын анықтады. МКД шешімімен оған көрсетілген соманы, оның ішінде ТК-ден КТС-ті қайтаруға өтініш берген кезде бюджетке нақты 188 883 020 теңге төленгендіктен қайтарудан бас тартылды.

Талапкер 37 371 216 теңге көлеміндегі ТК-ден КТС сомасындағы айырманы да талапкер төлегенін түсіндірді. Жергілікті соттар бұл мәселеге, атап айтқанда, бюджеттен қандай салық сомасы қайтарылуға жататындығына баға берген жоқ.

4. 2017 жылғы ТК-ден КТС қайтару мәселесі бойынша да Комитеттің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы және 2020 жылғы 05 наурыздағы шешімдеріне қатысты МАЭС-тың 2021 жылғы 09 қарашадағы 2015, 2016 және 2017 жылдардағы ТК-ден КТС қайтару жөніндегі шешімі (бұдан әрі – МАЭС-тың шешімі) бар.

Талапкер мен жауапкер сот алқасына осы даудың түпкілікті мәртебесіне, тараптардың МАЭС шешімін орындауына қатысты түрлі түсініктемелер берді. Жергілікті соттар да түпкілікті сот актісінің қорытындыларына және осы сот актісінің тұжырымдары ағымдағы дауға әсер ете ме, жоқ па деген баға берген жоқ.

Осылайша, сот алқасы жергілікті соттар талапарызды қарауға әсер ететін даудың барлық мән-жайларын анықтаған жоқ деп санайды. Баяндалғанды ескере отырып, істі толық, жан-жақты және объективті қарау үшін әкімшілік істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарау үшін жіберу қажет.

Жаңадан қараған кезде осы қаулының 2-4-тармақтарында сот алқасы көрсеткен қорытындыны, сондай-ақ мәселелерді зерттеу және осы мән-жайларға тиісті құқықтық баға беру қажет.

Жалпы, даулардың осы санаты бойынша тұрақты мекеменің нақты немен айналысатынын, бас офистен қандай көрсетілетін

қызметтер тікелей алынғанын, қызметтер Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде көрсетілді ма жоқ па екендігін анықтау қажет.

Маманның қорытындысы істе бар.

Бас офис көрсететін қызметтерді Қазақстандағы филиалға жатқызу мәселесі де КАТКО бойынша дауда қойылды.

4. Пассивті кірістер

4.1. ТК-ден КТС қайтару бойынша тексеру жүргізу тәртібі

Әзірлемелерді беру және жаңа ақпараттық өнімдерді пайдалану мүмкіндігі қазақстандық клиенттердің бейрезиденттерге роялти төлеуіне алып келеді.

Салық кодексінің ережелеріне сәйкес роялти үшін ТК-ден КТС стандартты мөлшерлемесі 15%-ды құрайды. Бұл ретте мұндай роялтилерге Қазақстанда төмендетілген мөлшерлеме бойынша салық салынуы мүмкін. Төмендетілген мөлшерлеме кірісті төлеу кезінде немесе салықты 20% мөлшерлеме бойынша ұстап қалу кезінде бірден қолданылуы мүмкін, бейрезидент салықты (мөлшерлемедегі айырманы) қайтаруға өтініш беруге құқылы.

«Алматы қаласының көлік холдингі» ЖШС осындай өтініш беріп, қайтарым алған жоқ. 2023 жылғы 18 қаңтардағы № 6001-22-00-бап/1324 қаулымен серіктестіктің Департаментпен дауы былайша шешілді.

Серіктестік Департаментке 2021 жылғы 25 қазандағы №632 салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаның күшін жою туралы талап-арызбен сотқа жүгінді.

МАЭС-тың 2022 жылғы 21 қаңтардағы шешімімен және Алматы қалалық сотының ӘІСА-ның 2022 жылғы 2 маусымдағы қаулысымен талап-арыздан бас тартылды. Мынадай негіздер бойынша сот актілерінің күші жойылды.

Сотта 2020 жылғы 30 қазанда Ресей Федерациясының резиденті «Золотая корона» жабық акционерлік қоғамы (бұдан әрі – ЖАҚ, бейрезидент) Департаментке бейрезидент Серіктестікке төлеген кірістерден қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт негізінде төленген табыс салығын немесе шартты банктік салымды бюджеттен қайтаруға салықтық өтінішпен жүгінгені анықталды.

Салық өтінішіне сәйкес бейрезидент-

ке кірістер есептелген кезең – 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 30 маусым. Салық төлеушіде кіріс пайда болған жыл – 2018 жыл, қайтаруға ұсынылған жалпы сома – 10 399 766 теңге.

Салық өтініші негізінде Департамент бей-резидент бюджеттен төлеген табыс салығын қайтару мәселелері бойынша тақырыптық тексеру жүргізу туралы 2020 жылғы 11 қарашадағы №632 нұсқама (бұдан әрі – Нұсқама) шығарды: корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС), Нұсқамада тексерілетін кезең 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 30 маусым арылығында айқындалды.

Тексеру барысында Серіктестік пен ЖАҚ арасында тексерілетін кезеңде өзара есеп айырысу жүргізілген мынадай шарттар жасалғаны анықталды:

- Жүйені бағдарламалық қамтамасыз етуді (бұдан әрі – Жүйені БҚ) қарапайым (айрықша емес) лицензия шарттарында Алматы қаласы мен Алматы облысының аумағында пайдалану құқығын беру және Жүйені БҚ баптау және орнату жөнінде қызметтер көрсету, Серіктестіктің қызметкерлеріне Жүйені пайдалану және БҚ-мен жұмыс істеу жөнінде нұсқама жүргізу жөнінде қызметтер көрсету туралы 2015 жылғы 10 қыркүйектегі №ТК – 20150615 шарт (бұдан әрі – 1-шарт);

- Алматы және Алматы облысының аумағында терминалдарды параметрлеу бойынша қызметтер көрсету туралы 2016 жылғы 1 шілдедегі №ТК-20160628 шарт (бұдан әрі – 2-шарт);

- БҚ қайта өңдеу (түрлендіру) жөніндегі жұмыстарды орындауға және Тапсырыс берушіге қарапайым шарттарда (Алматы және Алматы облысының аумағында айрықша емес лицензия шарттарында) қайта өңделген (түрленген) БҚ-ға пайдалану құқығын беруге арналған 2016 жылғы 2 ақпандағы №ТК-20151230/R шарт (бұдан әрі – 3-шарт);

- техникалық қолдау қызметтерін көрсетуге арналған 2015 жылғы 25 қыркүйектегі №ТК-20150702 шарт (тапсырыс берушінің мамандарына сәйкессіздіктерді түзету, баптау, Жүйенің БҚ негізгі шығарылымының мүмкіндіктері және оларды дамыту мәселелері бойынша жедел қашықтықтан консультация беру, ақпараттық жүйелерді қолдау жобасын басқару, оқыс оқиғадар мен проблемаларды басқару, техникалық қолдау шеңберіндегі технологиялық жақсартулар) (бұдан әрі – 4-шарт);

- техникалық қолдау қызметтерін көрсету туралы 2018 жылғы 17 мамырдағы №ТК-

20180427 шарт (баптау, мүмкіндіктер бөлігінде сауалдарды қабылдау, өңдеу, штаттан тыс жағдайлардың сәйкессіздіктерін жою, ақпараттық жүйелерді қолдау жобасын басқару, оқыс оқиғалар мен проблемаларды басқару, техникалық қолдау шеңберінде технологиялық жақсарту) (бұдан әрі – 5-шарт).

Департамент 2021 жылғы 25 қазанда №632 құжаттық салықтық тексеру актісін жасады, оның қорытындыларына сәйкес бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану құқығын беруге, бағдарламалық қамтамасыз етуді баптау және орнату жөнінде қызметтер көрсетуге байланысты 1-шарт негіз қалаушы болып табылады, ал 2-5-шарттар қосалқы сипатта болады, осыған байланысты 1-шартқа қатысты қолданылатын салық салу режимі де 2-5-шарттарға қатысты қолдануға жатады және Салық кодексінің 644, 646-баптарына сәйкес 1-5-шарттар шеңберінде ЖАҚ алған кірістер Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының Үкіметтері арасындағы Қосарланған салық салуды болдырмау және табыс пен мүлікке салынатын салықтарға қатысты салық салудан жалтаруға жол бермеу туралы конвенцияның (Мәскеу, 1996 жылғы 18 қазан) ережелерін ескере отырып, роялти түріндегі кірістер деп танылады және 10% мөлшерлеме бойынша салық салынуға жатады.

Осыған байланысты, Департамент ЖАҚ пен Серіктестік арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша КТС сомасын бей-резидент үшін 12 924 398 теңге, 2 949 349 теңге сомасында өсімпұлды қосымша есептеді.

Тиісінше, Департамент 2021 жылғы 25 қазанда тексеру нәтижелері туралы хабарлама (бұдан әрі – Хабарлама) шығарды, онда талапкерге 12 924 398 теңге мөлшерінде КТС және 2 949 348,52 теңге мөлшерінде өсімпұл сомасы және қайтарылуға жататын салық сомасы туралы 2021 жылғы 26 қазандағы шешім 10 144 431 теңге мөлшерінде қосымша есептелді.

Талапкер тексеру нәтижелерімен келіспей, сотқа осы талап-арызбен жүгінді.

Талап қоюдан бас тарта отырып, бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар Серіктестікке қатысты тақырыптық тексеру заңға сәйкес және онда көзделген тәртіппен жүргізілді деген қорытындыға келді.

Бірінші және апелляциялық сатыдағы соттардың бұл тұжырымдары негізсіз болып табылады, олар қолданыстағы заңнаманың нормаларына сәйкес келмейді.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Салық кодексі) 2-бабының 2-тармағына сәйкес Салық кодексінде көзделмеген салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлеу жөніндегі міндет ешкімге жүктелмейді.

Салық кодексінің 8-бабының 1-тармағына сәйкес салық төлеушінің (салық агентінің) салық міндеттемені орындау жөніндегі әрекеттерді (әрекетсіздікті) жүзеге асырудағы адалдығы көзделеді.

Салық кодексінің 8-бабының 4-тармағына сәйкес салық заңнамасын бұзушылық салықтық тексерулер жүргізу барысында сипатталған болуға тиіс. Тұжырымдарды негіздеу және Қазақстан Республикасының салық заңнамасын бұзу фактісін айғақтайтын мән-жайларды ашып көрсету салық органдарына жүктеледі.

Бұл ретте ӘРПК-нің 129-бабының үшінші бөлігіне сәйкес жауапкер әкімшілік актіде айтылған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады.

Бұдан басқа, Салық кодексінің 8-бабының 5-тармағына сәйкес салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға шағымды қарау кезінде Қазақстан Республикасы салық заңнамасының барлық белгісіздіктері мен реттелмеген мәселелері салық төлеушінің (салық агентінің) пайдасына түсіндіріледі.

Осыған ұқсас нормалар ӘРПК-нің 12-бабында көзделген, оған сәйкес Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдер туралы заңнамасының барлық күмәндері, қайшылықтары мен түсініксіздіктері әкімшілік рәсімге қатысушының пайдасына түсіндіріледі.

Сонымен қатар, Департаментте 2-5-шарттар бойынша төленген табыстарға қатысты КТС есептелген сомасын тексеру және түзету жүргізу үшін негіздер болмады.

Мәселен, Салық кодексінің 145-бабы 1-тармағының 8) тармақшасына сәйкес өзгелердің ішінен халықаралық шарттың ережелерін қолдануға байланысты бюджеттен табыс салығын қайтаруға бейрезиденттің салық өтініші бойынша жүзеге асырылатын тексерулер жоспардан тыс тексерулер болып табылады.

Салық кодексінің 673-бабының 3-тармағына сәйкес бейрезиденттің бюджеттен табыс салығын қайтаруға өтінішін қарау кезінде салық органы тақырыптық салықтық тексеру жүргізеді. Бұдан әрі, Салық кодексінің 673-бабының 7-тармағында бейрезиденттің өтінішін қарау қорытындыла-

ры бойынша салық органы мынадай: табыс салығын қайтару туралы немесе бөлігінде; табыс салығын қайтарудан бас тарту туралы шешімдердің бірін шығарады.

Осылайша, бейрезиденттердің халықаралық шартқа сәйкес бюджеттен табыс салығын қайтару туралы өтініштері негізінде жүргізілетін жоспардан тыс тақырыптық салықтық тексерулер табыс салығын қайтару немесе қайтарудан бас тарту туралы шешімдер шығару мақсатында ғана жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің (бұдан әрі – КК) 144-бабының 1-тармағына сәйкес бақылаудың және қадағалаудың нақты субъектісіне (объектісіне) қатысты жоспардан тыс тексеруді тағайындау үшін негіз болған нақты фактілер мен мән-жайлар бойынша бақылау және қадағалау органы тағайындайтын тексеру жоспардан тыс тексеру болып табылады. Демек, жоспардан тыс тақырыптық салықтық тексеруді жүргізу кезінде Департамент бейрезиденттің табыс салығын қайтаруға берген салықтық өтініші аясында бақылауды жүзеге асыруға тиіс еді.

Алайда Департамент 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2020 жылғы 30 маусым кезеңінде жалпы КТС бойынша тексеруді жүзеге асырды.

ЖАҚ халықаралық конвенцияны қолдануға байланысты табыс салығын қайтару туралы салықтық өтінішпен Департаментке жүгінгені анық анықталды. Өтініште ЖАҚ 10 144 431 теңге сомасында табыс салығын қайтару туралы көрсетті. Табыс салығының мәлімделген сомасы ЖАҚ-қа бюджеттен толық көлемде қайтарылды.

Алайда, Департамент ЖАҚ-тың салық өтініші негізінде қайтаруға сұралған табыс салығының сомасына қатысты тиісті шешім қабылдап, басқа келісімшарттар мен көрсетілетін қызметтер бойынша табыс салығын есептеу мәселелерін қосымша тексерді. Демек, Департамент бейрезидентке табыс салығы сомасын қайтару мәселесі бойынша тақырыптық салықтық тексеру шегінен асып түсті.

Салық кодексінің 145-бабы 3-тармағының 11) тармақшасына сәйкес Департамент уәкілетті органның, яғни Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің (бұдан әрі – Комитет) шешімі негізінде ғана ЖАҚ-тың салықтық өтінішінен тыс мәселелерді зерделеу мақсатында тақырыптық салықтық тексеруді қосымша тағайындай алады.

Комитет Серіктестікті КТС төлеудің дұрыстығы мәселесі бойынша тексеру туралы бұйрық шығармағаны анықталды.

Осылайша, Департамент тақырыптық салықтық тексеру барысында өз өкілеттіктерінен асып кетті деп болжауға болады.

КК-нің 156-бабына сәйкес КК талаптарын өрескел бұза отырып жүргізілген бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалаудың нәтижелері жарамсыз деп танылады. КК-нің 156-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес КК талаптарының өрескел бұзылуына бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеру және профилактикалық бақылау мен қадағалау жүргізу негіздерінің болмауы жатады.

Департамент тексеру жүргізу кезінде бейрезиденттің салық өтінішінен тыс шыққанын ескере отырып, салық органында 2-5-шарттар бойынша салықтық міндеттемелерді орындау мәселелерін тексеру үшін негіздер болмады. Демек, нәтижелері бойынша даулы Хабарлама шығарылған салықтық тексеру жарамсыз болып табылады.

ӘРПК-нің 84-бабының төртінші бөлігіне байланысты заңсыз ауыртпалық түсіретін әкімшілік акт міндетті түрде күші жойылуға тиіс.

Іс бойынша дәлелдемелерді жинау және қосымша тексеру талап етілмейтінін ескере отырып, даудың мән-жайлары толық анықталды, алайда бірінші және апелляциялық сатыдағы соттар дәлелдемелерді бағалауда, материалдық және процесстік құқық нормаларын түсіндіруде және қолдануда қателіктер жіберген, сот алқасы талап-арызды қанағаттандыра отырып, іс бойынша шығарылған сот актілерінің күшін жою керек деп санайды.

Қорытындылар: нақты белгіленген әкімшілік рәсімге сәйкес салық төлеушінің өтініші бойынша жүргізілетін тексерулер көрсетілген рәсімнің қағидаларына сәйкес жүргізілуіне тиіс.

Тексеру ТК-ден КТС-ті қайтаруға бағытталғандығына орай Департамент қайтарудан толық немесе ішінара бас тарта алады. Бұл ретте салықты есептеудің дұрыстығы және төлеудің толықтығы бөлігінде заңнаманың сақталуы бойынша жеке тақырыптық не кешенді тексеру шеңберінде салықты қосымша есептеу мүмкін болар еді.

Осыған ұқсас тәсіл «Кселл» АҚ-ның талап-арызы бойынша қолданылды. 2023 жылғы 07 ақпандағы № 6001-22-00-бап/1550 қаулысымен АҚ Департаментке салықтық тексеру нәтижелері бойынша хабарламаны заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы талап-арыз берді, МАЭС-тың 2022 жылғы 10 ақпандағы шешімімен және апелляциялық сатыдағы соттың 2022 жылғы 19 мамырдағы қаулысымен сот шешімі өзгеріссіз қалды. ЖС ӘІСА сот актілерінің күшін жойды.

Сотта 2019 жылғы 01 тамызда Ресей Федерациясының резиденті «Моби Гир» жауапкершілігі шектеулі қоғам (бұдан әрі – ЖШҚ, бейрезидент) Департаментке АҚ бейрезидентке төлеген кірістерден қосарланған салық салуды болдырмау туралы халықаралық шарт негізінде төленген табыс салығын немесе шартты банктік салымды бюджеттен қайтаруға салықтық өтінішпен жүгінгені анықталды.

Салық өтінішіне сәйкес бейрезидентке 2014 жылғы 26 желтоқсаннан бастап 2016 жылғы 18 маусым аралығында кірістер есептелген кезең және қайтаруға ұсынылған жалпы сома – 2 094 960 теңге. Салықтық өтініш негізінде Департамент ұйғарым шығарды.

Тексеру барысында АҚ мен ЖШҚ арасында тексерілетін кезеңде өзара есеп айырысулар жүргізілген мынадай шарттар жасалғаны анықталды:

- 2014 жылғы 26 желтоқсанда күшіне енетін күнімен 2015 жылғы 13 қаңтардағы №2014-418 Өнімдерді беру және/немесе қызметтер көрсету туралы бас шарт (негіздемелік келісімшарт (келісім) (бұдан әрі – 1-шарт);

- 2014 жылғы 26 желтоқсандағы №2014-419 жабдықты орнату, техникалық қолдау, интеграциялау бойынша тауарларды-техникалық жабдықтарды беруге және кәсіби қызметтер көрсетуге арналған беру шарты (бұдан әрі – 2-шарт).

Департамент құжаттық салықтық тексеру актісін жасады, оның қорытындыларына сәйкес 1-шартқа беру шартының 3.2-тармағының ережелері бағдарламалық қамтамасыз етуге айрықша емес құқықпен бірлесіп жабдықты сатып алу негіз құраушы болып табылады, ал техникалық қызмет көрсету жөніндегі көрсетілетін қызметтер қосалқы сипатта болады. Бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану құқығы көмекші сипаттағы техникалық қолдау қызметтерін көрсетумен ұштастыра отырып берілген жағдайда, не-

гізгі бөлікке қолданылатын режим (бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдаланудың айрықша емес құқығын беру – роялти) техникалық қолдау бойынша өтемнің барлық сомасына қолданылуы, яғни роялти деп танылуы тиіс.

Осыған байланысты Департамент тақырыптық тексеру қорытындысы бойынша ЖШҚ мен АҚ арасындағы өзара есеп айырысулар бойынша 8 518 038,00 теңге ТК-ден КТС сомасын, даулы хабарламамен 732 251,25 теңге сомасындағы өсімпұлды қосымша есептеді. Бұл ретте өтінішке сәйкес салықты қайтару жүргізілген жоқ.

Департамент тексеру жүргізу кезінде бейрезиденттің салықтық өтінішінен асып кеткенін ескере отырып, нәтижелері бойынша даулы Хабарлама шығарылған салықтық тексеру жарамсыз болып табылады. ӘРПК-нің 84-бабының төртінші бөлігіне орай заңсыз ауыртпалық түсіретін әкімшілік акт міндетті түрде жойылуға тиіс.

Сот алқасы да талапкер атап өткендей, бұрын талапкерге қатысты кешенді салықтық тексеру жүргізілгенін атап өтті. Осы істе дауласқан жауапкер кезенді тексеріп, роялтиді есептеуге қатысты ұстанымын білдірмеді. Жауапкер бұл фактіні жоққа шығарған жоқ.

ӘРПК-нің 13-бабына сәйкес әкімшілік рәсімге қатысушының әкімшілік органның қызметіне деген сенімі қорғалады. Тиісінше, сол бір салық төлеушіні тексеру кезінде салық органының ұстанымы дәйекті болуға тиіс.

Қорытындылар: аталған істерде сот алқасы транзакциялардың мәні мен қосымша есептеулердің мәніне баға берген жоқ, өйткені олар негізінен болмауы мүмкін еді. Сонымен қатар роялтиге салық салу тәртібін бағалауды төменде көрсетілген қаулыда ЖС ӘІСА береді.

4.2. Роялтидің көрсетілетін қызметтерден аражігін ажырату өлшемшарттары

«Прада Қазақстан» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) Департаментке салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаның күшін жою туралы, құжаттық салықтық тексеру актісін ресімдеу жөніндегі әрекеттерді заңсыз деп тану туралы талап-арыз берді.

Алматы қаласы МАӘС-ның 2021 жылғы 16 қарашадағы шешімімен Серіктестіктің әкімшілік талап-арызын қанағаттандырудан бас тартылды, ұйғарыммен құжаттық са-

лықтық тексеру актісін ресімдеу жөніндегі әрекетті заңсыз деп тану туралы талап бөлігінде Серіктестіктің талап-арызы қайтарылды. Алматы қалалық сотының ӘІСА-ның 2022 жылғы 5 мамырдағы қаулысымен сот шешімі күшінде қалды.

2023 жылғы 28 ақпандағы № 6001-22-00-6АП/1293, 6001-22-00-6ап/1293(2) ҚК СКАД қаулысымен сот актілерінің күші жойылды.

Іс материалдарынан Серіктестік Италия заңнамасына сәйкес әрекет ететін Prada SpA компаниясының (бұдан әрі – «Prada SpA») басқаруындағы Prada компаниялар тобының бөлігі болып табылады.

Компанияның негізгі қызмет түрі – трикотаж, шұлық, аяқ киім және аксессуарлар бөлшек саудасы (қайта сату).

Департамент Серіктестікке қатысты салықтарды және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді дұрыс есептеу және уақтылы төлеу мәніне кешенді салықтық тексеру жүргізді. Тексеру кезеңі: 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2019 жылғы 31 желтоқсан.

Тексеру актісі мен хабарлама талапкердің өкіліне шығарылған күні тапсырылды. Сондай-ақ, 2021 жылғы 14 маусымда тексеру актісі шығарылған күні қосымша нұсқама негізінде тексеруші тұлғалардың құрамына бас маман А.Т. Айбекова енгізілді.

Жергілікті соттар Департаменттің құжаттық салықтық тексеру нәтижелері бойынша қорытындылары да, қойылған хабарлама да Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының нормаларымен келісіледі және істің нақты мән-жайларына сәйкес келеді дегенге келді.

Сот алқасы аталған тұжырымдарды мынадай негіздер бойынша негізсіз деп санайды.

Салық кодексінің 158-бабы 1-тармағының 10) тармақшасы тексеру актісінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары бұзылған тиісті ережелерін көрсете отырып, анықталған бұзушылықтардың егжей-тегжейлі сипаттамасын міндетті түрде көрсетуді көздейді.

Тексеру актісін зерттеу нәтижелері бойынша онда Өнім берушінің Алушыға олардың арасында жасалған шарт пен қызметтер көрсету келісіміне сәйкес көрсететін қызмет түрлерін талдау толық көрініс таппағаны анықталды.

2013 жылғы 24 маусымдағы қызмет көрсету шартына сәйкес Prada SpA Өнім беруші және «Прада Қазақстан» ЖШС Алушы Пра-

да тобының компаниялары болып табылады.

Көрсетілген шарттың Е және F тармақтары Өнім беруші Сатып алушыға көрсететін қызметтер тізбесін көрсетеді, оларға мыналар жатады: ақпараттық технологиялар саласында көрсетілетін қызметтер, сатуды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтер, корпоративтік қызмет көрсету жөнінде көрсетілетін қызметтер, медиа жоспарлау саласында көрсетілетін қызметтер, техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметтер, сатып алуды ұйымдастыру жөнінде көрсетілетін қызметтер, ұйымдарға қаржылық қызмет көрсету, логистика, байланыс, электрондық коммерция саласында көрсетілетін қызметтер және шартқа қосымшада неғұрлым егжей-тегжейлі сипатталған басқа да көрсетілетін қызметтер.

Сондай-ақ, 2014 жылғы 28 ақпанда «Прада Рус» ЖШҚ мен «Прада Қазақстан» ЖШС арасында аутсорсингтік қызметтер көрсету туралы келісім жасалды (ақпараттық технологияларды басқаруды қамтамасыз ету бойынша, техникалық қолдау саласында, персоналды басқару саласында, заңгерлік қолдау саласында, логистика саласында, бөлшек сауда саласында, жөндеу қызметтері).

Осылайша, сот алқасы Департамент тексеру актісінде зияткерлік меншік объектілерін беруге қатысты қате тұжырымдар жасай отырып, серіктестікке көрсетілетін қызметтердің тізбесін толық зерттемеген деп санайды, бұл тексеру нәтижелері бойынша салық органы жасаған қорытындылардың негізсіз екендігін көрсетеді.

Серіктестіктің тексеру актісінде екінші тексеруші А.Т. Айбекованың қолы жоқ екендігі туралы дәлеліне назар аудару керек.

Салық кодексінің 158-бабы 2-тармағының ережелеріне орай салықтық тексеру актісі кемінде екі данада жасалады, оған салық органының тексеру жүргізген лауазымды адамдары қол қояды.

Кәсіпкерлік кодекстің 152-бабы 2-тармағының 10) тармақшасына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері және (немесе) тексеру туралы актіде бақылау және қадағалау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау және (немесе) тексеру жүргізген лауазымды адамның (адамдардың) қолы көрсетіледі.

Осылайша, сот алқасы жергілікті соттардың қорытындыларымен келіспей, тексеру актісінде қолдың болуы Салық және Кәсіпкерлік кодекстерде көзделген міндетті талап

болып табылады деп санайды.

Серіктестіктің Prada SpA және «Прада Рус» ЖШҚ-мен қызмет көрсету шарты мен келісіміне қосымшаларға сәйкес көрсетілетін қызметтерде шектеусіз қоса алғанда, зияткерлік меншік объектілерін пайдалану, пайдалану құқықтарын қайта табыстау және беру, авторлық құқық объектілері (бағдарламалық қамтамасыз ету), ноу-хауды және/немесе тауар белгілері жоқ екендігі туралы дәлелдері назар аудартады.

Бұл жағдайда табыс түрлерінің мынадай жіктелуін жүргізу қажет.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Италия Республикасының Үкіметі арасындағы Табыс салығына қатысты қосарланған салық салуды жою және салық салудан жалтаруды болғызбау туралы конвенцияның (бұдан әрі – Италия – ҚР конвенциясы) 5-бабы 2-тармағының і) тармақшасында бейрезиденттің осындай мақсаттар үшін жалданған қызметшілер немесе басқа да персонал арқылы консультациялық қызметтер көрсетуі көзделген. Мұндай қызметтер оларды Қазақстан Республикасының аумағында 12 айдан астам көрсеткен кезде тұрақты мекеменің (ТМ) құрылуына алып келеді. Бұл ретте мұндай ТМ кірісіне Италия – ҚР конвенциясының 7-бабына және Салық кодексіне сәйкес ҚР-да салық салынуға тиіс.

Осыған ұқсас ережелер Ресей Федерациясының Үкіметі мен Қазақстан Республикасының Үкіметі арасындағы қосарланған салық салуды жою және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруды болғызбау туралы конвенцияда (бұдан әрі – РФ – ҚР конвенциясы) қамтылған.

Конвенцияның 5-бабының мақсаттары үшін көрсетілетін қызметтерге қатысты мынадай өлшемшарттарды бөліп көрсетуге болады:

1) кірістің бұл түрін бейрезидент қызметшілер /жұмыскерлер / қосалқы мердігерлер тартылған кезде іс жүзінде алады;

2) персонал, әдетте, клиенттің сұрауы бойынша ҚР-да қызмет көрсетеді;

3) қызметтердің түпкілікті құнын қалыптастыру үшін адам-сағаттар мен уақытты есептеу табельдерін пайдалануға болады;

4) қызметтерді іссапарлар шеңберінде не қашықтан, бірақ нақты персонал көрсетеді;

5) қызметтерді клиент қабылдайды (қабылдамайды), орындалған жұмыстардың (көрсетілген қызметтердің) актілеріне не мәні бойынша ұқсас өзге де құжатқа қол қойылады;

6) есеп, техникалық проблеманы шешу

(ақпараттық көрсетілетін қызметтер), сотта, келіссөздерде (заң қызметтері үшін) клиенттің мүдделерін білдіру, кадр қызметтері үшін нақты кандидатты іздеу, әңгімелесу және іріктеу түріндегі қызмет нәтижесі қатысады.

Бұл ретте бейрезидент авторлық құқық объектілерін ойлап тапқан жағдайда, бұл құқық уәкілетті органда тіркелген эксклюзивті болып табылған болса, бұл жағдайда бейрезидент алатын төлемдер роялти ретінде қаралғаны жөн.

РФ – ҚР конвенциясында 12-баптың 3-тармағында деген мынадай ұғым бекітілген: «роялти» – компьютерлік бағдарламаларды, кинематографиялық және телевизиялық фильмдерді, бейнефильмдерді немесе радио мен телевидениеге арналған жазбаларды, кез келген патентті, сауда маркасын, дизайнды немесе модельді, жоспарды, құпия формуланы немесе процесті қоса алғанда, әдебиет, өнер немесе ғылым туындыларына кез келген авторлық құқықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін немесе өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми тәжірибеге қатысты ақпарат (ноу-хау) үшін сыйақы ретінде алынатын кез келген түрдегі төлемдер және өнеркәсіптік, коммерциялық немесе ғылыми жабдықты пайдаланғаны немесе пайдалану құқығын бергені үшін төлемдер.

Осылайша, роялтиге тән өлшемшарттар мыналар болып табылады:

1) тіркелген авторлық құқықтың болуы;
2) құндылығы бар ақпаратты, әдетте, персоналды тартпай ұсыну. Бұл ретте «Авторлық және сабақтас құқықтар туралы» Заңның 6-бабының 4-тармағына сәйкес авторлық құқық идеялардың, тұжырымдамалардың, принциптердің, әдістердің, жүйелердің, процестердің, жаңалықтардың, фактілердің өздеріне қолданылмайды;

3) төлемдер тіркелген не бизнестің табыстылығына байланысты болуы мүмкін (кешенді франчайзингтік лицензияға тән). Әдетте, жұмсалған адам сағаттарына тәуелділік жоқ;

4) арнайы жабдықты жалға алу.

Қаралып отырған дауда бейрезиденттер өткізу нарығында өнімді жылжыту тиімділігін арттыру жөнінде қызметтер көрсетті, сату бойынша консультациялар және тарату стратегиясы, қаржылық жоспарлау, адами ресурстарды басқару, қаржы саласында, бухгалтерлік есеп, салықтық есеп, заң қызметтері, жөндеу қызметтері бойынша қызметтер көрсетті. Бұл ретте өнім берушілер

көрсетілген есептерге авторлық құқықты берген жоқ.

Осы фактіні растау үшін талапкер соттың сұрау салуы бойынша, атап айтқанда: 1) адал клиенттер үшін іс-шараны ұйымдастыру бойынша атқарылған жұмыстар туралы (Ритц Карлтон мейрамханасында клиенттік кешкі ас ұйымдастыру); 2) персоналды іріктеу, кадрлық есепке алуды жүргізу бойынша; 3) жалақыны есептеу, Қазақстан Республикасында қосалқы мердігер (аутсорсингтік компания) болған кезде бұйрықтар, жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтар жасау бойынша; 4) Қазақстан Республикасында қосалқы мердігер болған кезде қасбеттің мәрмәрін ауыстыру, сыртқы қасбетті жылыту бойынша жұмыстар жүргізу бойынша; 5) үлгілердің өзекті топтамасын сатып алу бойынша; 6) О.В. Тимофееваның тренингтерін өткізу бойынша; 7) Қазақстан Республикасында қосалқы мердігер болған кезде сыртқы витриналарды ресімдеу бойынша; 8) сатып алынған тауарлардың, орманың тізбесі бойынша (тауар үшін төлемдер көрсетілетін қызметтер мен роялти үшін төлемдер болып табылмайды) есептерді ұсынды.

Жазбаша түсініктемеде талапкер заңды қолдауды қамтамасыз ету (сенімхаттарды келісу, шарттардың жобаларын дайындау, қолданыстағы заңнама нормаларын талдау), серверде деректерді сақтау, деректерді беру, SAP бағдарламасына қол жеткізуді қолдау, техникалық қызмет көрсету, электр энергиясына арналған шығындар, іссапар шығыстары, өнімді жөндеу жөніндегі есептерді де көрсетеді.

Бірқатар қызметтерді бейрезидент қазақстандық қосалқы мердігерлерді тарта отырып көрсетті. Бұл ретте трансферттік баға белгілеу талаптарын сақтау мақсатында көрсетілетін қызметтердің құнын PRADA тобынан байланысты компания қойғандықтан, талапкердің атына қызметтердің құнына үстеме баға (маржа) да қойылды. Сонымен қатар, жауапкердің ұстанымы салықтық тексеру актісінде баяндалған, онда жоғарыда көрсетілген тәсілмен қызметтерді алудың негізділігі мәселелері арналмаған.

Мұндай жағдайларда сот алқасы көрсетілетін қызметтердің түрлерін тексеру актісінде тиісті зерттеу болмаған жағдайда, Департаменттің роялти түріндегі кірістерден салықты ұстап қалу және КТС тиісті есептеу бөлігіндегі қорытындылары заңды болып табылмайды деген қорытындыға келеді.

Жергілікті соттар істің мән-жайларына талап қоюшының салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаны даулауы бөлігінде тиісті құқықтық баға бермегенін, дәлелдемелерді бағалауда, материалдық және процестік құқық нормаларын түсіндіруде және қолдануда қателіктер жіберілгенін ескере отырып, сот алқасы сот актілерінің күшін жою және Серіктестіктің талап-арызын қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығару керек деп есептейді.

Сот алқасы жергілікті соттардың талап-арызды құжаттық салықтық тексеру актісін заңсыз деп тану туралы талап бөлігінде қайтару туралы сот актілері күшінде қалдырылуға тиіс деп есептейді, өйткені Серіктестік мәлімдеген әкімшілік талап-арызда салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаға да, құжаттық салықтық тексеру актісін ресімдеу жөніндегі әрекетке де дау айтылады.

Мұндай жағдайларда Серіктестіктің касациялық шағымы ішінара қанағаттандырылуға жатады.

Қорытындылар: істердің осы санатындағы ауыртпалық тудыратын әкімшілік акт хабарлама болып табылады. Сонымен қатар, ол салықтық тексеру актісіне негізделген. Актінің өзі шағымдануға жатпайды, өйткені ол іс бойынша дәлел болып табылады және өздігінен ауыртпалық зардаптарын әкелмейді. Алайда бұл Салық кодексінде тікелей көзделген кезде тексерушілер қол қоймауға тиіс дегенді білдірмейді.

Сот процесінде әкімшілік орган тек әкімшілік актіде жазылған дәлелдермен шектеледі. Тиісінше, бұл жағдайда сот шетелдік офистер өз қызметтерін талапкерге қандай маржада ұсынуға тиіс екендігіне қатысты дау туғыза алмайды.

Бұл ретте, құжаттық салықтық тексеру жүргізу кезінде тексерушілер бастапқы құжаттаманы зерделеуге тиіс екендігі белгілі. Тек шарттарды, шоттарды және орындалған жұмыстардың қысқаша актілерін талдау жеткіліксіз болды, өйткені нақты қандай қызметтер алынғанына (зияткерлік өнімге не клиенттің сұрау салуы бойынша көрсетілген қызметтерге қол жеткізуге) баға берілмеді.

4.3. Дивидендтерге салық салу тәртібі

Халықаралық салық салудағы даулы мәселелердің бірі дивидендтерге салық салу

мәселесі болып табылады.

2023 жылғы 4 сәуірдегі № 6001-22-00-бап/1165, 6001-22-00-бап/1165(2) қаулысда тиісті баға берілді.

«Потенциал-Ойл» ЖШС Департаментке салықтық тексеру нәтижелері туралы хабарламаларды заңсыз деп тану туралы талап арыз берді.

Нұр-Сұлтан қаласы МАЭС-ның 2021 жылғы 1 қарашадағы шешімімен талап қоюды қанағаттандырудан бас тартылды. Нұр-Сұлтан қаласының ӘІСА-ның 2022 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен сот шешімінің күші жойылды, талап-арызды қанағаттандыру туралы жаңа шешім шығарылды.

ЖС ӘІСА апелляциялық сот актісін күшінде қалдырды.

Серіктестіктің негізгі қызметі шикі мұнай және ілеспе газ өндіру болып табылады. Серіктестікке қатысты үш салықтық тексеру жүргізілді, олардың нәтижелері бойынша тексеру актілері жасалды және тексеру нәтижелері туралы хабарламалар қойылды:

- 2018 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым аралығындағы кезең үшін 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 213;

- 2019 жылғы 1 шілдеден 31 желтоқсан аралығындағы кезең үшін 2021 жылғы 20 сәуірдегі № 215;

- 2020 жылғы 1 сәуір мен 30 маусым аралығындағы кезең үшін 2021 жылғы 22 маусымдағы № 49 (бұдан әрі – хабарламалар).

Салықтық тексерулердің үш актісі бойынша КТС қосымша есептеу негіздері бірдей.

Салықтық тексеру актісінен Бекстар компаниясы Британдық Виргин аралдарында тіркелген, Серіктестіктің жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 80% иеленетін Серіктестіктің құрылтайшысы болып табылады.

2018 жылдан 2020 жыл аралығындағы кезеңде Серіктестік Бекстар компаниясының пайдасына 2018, 2019, 2020 жылдар үшін дивидендтер аударған.

Бекстар компаниясының мәлімдемесіне сәйкес дивидендтер Ресей Федерациясындағы Бекстар филиалының шотына аударылғаны.

Серіктестік дивидендтердің есептелген сомасынан халықаралық шарттың ережелеріне сәйкес 10% төмендетілген мөлшерлеменен КТС ұсталып, Қазақстан Республикасының бюджетіне төленді.

Департамент 1997 жылғы 3 шілдедегі Ресей Федерациясы мен Қазақстан Респу-

бликасы арасындағы «Қосарланған салық салуды жою және табыс пен капиталға салық төлеуден жалтаруды болдырмау туралы» конвенцияның (бұдан әрі – Конвенция) ережелерін бейрезидент – құрылтайшы Бекстардың табысына дивидендтер түрінде қолдануды негізсіз деп санайды, өйткені Бекстар компаниясының филиалы заңды тұлға болып табылмайды, Конвенцияны қолдану мақсаттары үшін резидент ретінде қаралауға тиіс. Бекстар компаниясы жеңілдетілген салық салынатын мемлекетте тіркелген, сондықтан Салық кодексінің 646-бабына сәйкес 20 пайыздық мөлшерлеменен төлем көзіне салық салынуға жатады.

Бірінші сатыдағы сот талап-арызды қанағаттандырудан бас тарта отырып, резидентті растайтын құжаттың болуы Конвенцияның ережелерін қолдану үшін жеткіліксіз негіз болып табылатындығын көрсетті, өйткені Конвенцияның ережелеріне сәйкес тиісті тұлға егер салық салынатын болып саналмаса, резидент болып танылмайды, өйткені ол Ресей Федерациясының ішкі салық заңнамасына сәйкес салықтан босатылған.

Апелляциялық сатыдағы сот бірінші сатыдағы соттың осындай тұжырымдарымен мынадай негіздер бойынша келіспеді.

Салық кодексінің 646-бабының 2-тармағына сәйкес осы Кодекстің 644-бабында айқындалған, уәкілетті орган бекіткен тізбеге енгізілген жеңілдікті салық салынатын мемлекетте тіркелген тұлғаның кірістері 20 пайыз мөлшерлеме бойынша төлем көзінен салық салуға жатады.

Салық кодексінің 2-бабының 5-тармағында егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Кодексте қамтылғандардан өзгеше қағидалар белгіленсе, көрсетілген шарттың қағидалары қолданылады деп көзделген.

Конвенцияның 10-бабына сәйкес Уағдаласушы Мемлекеттің резиденті болып табылатын компания, екінші Уағдаласушы Мемлекеттің резидентіне төлейтін дивидендтерге осы екінші Мемлекетте салық салынуы мүмкін. Алайда мұндай дивидендтерге осы Мемлекеттің заңнамасына сәйкес дивидендтер төлейтін компания резиденті болып табылатын Уағдаласушы Мемлекетте де салық салынуы мүмкін, бірақ егер алушы дивидендтердің нақты иесі болып табылса, онда осылайша алынатын салық дивидендтердің жалпы сомасының 10 пайызынан аспайды.

Халықаралық шарт бейрезидент са-

лық агентіне бейрезиденттің резиденттігін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Салық кодексінің 666-бабының 4-тармағында көзделгендей қолданылады.

Ресей Федерациясының Федералдық салық қызметінің 2021 жылғы 17 қыркүйектегі жазбаша жауабынан Бекстар шетелдік компаниясы 2017 жылғы 2 қазаннан бастап қазіргі уақытқа дейін Ресей Федерациясының салық резиденті болып табылады.

Департамент Бекстар компаниясының филиалы Ресей Федерациясының резиденті бола алмайды деген қорытындыға Мәскеу қаласы бойынша Федералдық салық қызметі басқармасының жауабы негізінде келді. Осы жауаптан Бекстар компаниясының филиалы 2017 жылдың 2 қазанынан бастап табыс салығы мақсатында Ресей Федерациясының резиденті болып табылатындығын көруге болады.

Бұл жауап Федералдық салық қызметінің жоғарыда аталған ақпаратына қайшы келеді, өйткені Ресей Федерациясындағы салық есебіне оның филиалы емес, Бекстар компаниясы қойылған.

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 43-бабының 3-тармағына сәйкес филиалдар мен өкілдіктер заңды тұлғалар болып табылмайды. Оларға оларды құрған заңды тұлға мүлік береді және олар бекіткен ережелер негізінде әрекет етеді.

Демек, филиалдардың заңды тұлғаның мүлкіне билік етуге құқығы жоқ, сондықтан дивидендтер филиалдың шотына аударылғанына қарамастан, билік ету құқығы аталған дивидендтердің иесі және алушысы болып табылатын Бекстар компаниясының заңды тұлғасына тиесілі.

Ресей Федерациясының Федералдық салық қызметінің 2022 жылғы 18 наурыздағы жауабынан Қазақстан Республикасындағы көздерден Ресей Федерациясының салық резиденті болып табылатын Бекстар компаниясының атына төленетін дивидендтерге Қазақстан Республикасының аумағында 10 пайыздан аспайтын мөлшерлеме бойынша салық салынуы мүмкін.

Маман Е.В. Пороховтың ғылыми-құқықтық қорытындысынан Қазақстан Республикасының бейрезиденті өз кірісін Қазақстан Республикасындағы көздерден басқа мемлекеттердегі өздерінің филиалдары мен өкілдіктерінің пайдасына иелік еткен кезде, Қазақстан Республикасындағы көздерден алынатын кіріс Қазақстан Республикасының бейрезидентінің өзі алған болып есептеледі.

2021 жылғы 20 сәуірдегі №215 құжаттық салықтық тексеру актісінен 38 509 377 707 теңге сомасындағы дивидендтердің бір бөлігі Серіктестік пен Бекстар компаниясы арасындағы 2019 жылғы 3 шілдедегі №9 есепке алу шарты бойынша өзара талаптарды есепке жатқызу арқылы төленгені шығады.

Салық кодексінің 645-бабының 7-тармағына сәйкес ақшаны қолма-қол және (немесе) қолма-қол емес нысандарда, бағалы қағаздарды, қатысу үлесін, тауарларды, мүлікті беру, жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, Қазақстан Республикасындағы көздерден кірістерді төлеу бойынша бейрезидент алдындағы берешекті өтеу есебіне жүргізілетін борыш талабын есептеп шығару және (немесе) есепке жатқызу кірісті төлеу деп түсініледі.

Көрсетілген норманың мағынасынан дивидендтер қандай нысанда және қай жерде төленгеніне қарамастан, кіріс Қазақстан Республикасының бейрезидентінің өзі алған болып есептеледі.

Тексеру актісінде Департамент КТС сомасын қосымша есептеу үшін негіздемемен Ресей Федерациясының Салық кодексінің 284-бабы 3-тармағының 1) тармақшасына сәйкес Серіктестіктен алынған Бекстар компаниясы филиалының дивидендтеріне қатысты Мәскеу қаласының Ресей СҚҚБ алған жауабына сәйкес 0 пайыз салық мөлшерлемесі қолданылатынын, яғни Бекстар компаниясы Ресей Федерациясында салық салудан босатылғанын көрсетеді.

Сот алқасы 0 пайыз мөлшерлемені қолдану салық салудан босату болып табылмайтынын, сондықтан көрсетілген негіз бойынша КТС сомасын қосымша есептеу заңсыз болып табылатынын атап өтті.

Осылайша, апелляциялық сатыдағы сот Бекстар компаниясының Ресей Федерациясындағы резиденттігі Ресей Федерациясының уәкілетті органы берген ресми құжаттармен расталды деген дұрыс қорытындыға келді, бұл компания Ресей Федерациясында салық салудан босатылмаған, осыған байланысты Серіктестік Конвенцияның ережелерін заңды түрде қолданды және бейрезидент кірісінің 10 пайызы мөлшерінде КТС ұсталды.

Мұндай жағдайларда кассациялық шағымды және кассациялық өтінішхатты қанағаттандыру үшін негіздер жоқ, іс бойынша шығарылған апелляциялық сатыдағы соттың қаулысы күшінде қалдырылуға тиіс.

Қорытындылар: Филиал жеке заңды тұлға болып табылмайды. Филиалдар алатын ак-

тивтерді іс жүзінде заңды тұлғаның өзі алады. Филиалдың салықтық резиденттігі бас офистен өз бетінше болмайды. Тиісінше, филиалдың бас офиспен бірдей резиденттігі бар және оған қатысты бас офиске де қолданылатын Конвенция қолданылады.

Нөлдiк мөлшерлеменi қолдану және салық салудан босату – бұл тiкелей және жанама салық салу сияқты әртүрлi санаттар. Мұны әсiресе салық салынатын, салық салынбайтын және босатылған айналым, 12 пайыз және 0 пайыз мөлшерлемесi бар ҚҚС мысалынан байқауға болады.

5. Трансферттік баға белгілеу

Әрине, трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша даулар ерекше болып табылады. 2023 жылғы 25 қаңтардағы № 6001-22-00-бап/364 қаулысы ЖС ӘІСА-да компаниялардың мұнай өнімдерін өткізуден түскен кірісіне салық салу мәселелері бойынша алғашқы болып табылады.

«Транс Глобал Сервис» ЖШС (бұдан әрі – талапкер, Серіктестік) Департаментке тексеру нәтижелері туралы хабарламаны заңсыз деп тану және оның күшін жою туралы талап-арыз берді.

Департамент 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап 2018 жылғы 31 желтоқсан кезеңінде Серіктестікке трансферттік баға белгілеу мәселелері бойынша тақырыптық салықтық тексеру жүргізді.

Тексеру нәтижелері бойынша Құжаттық салықтық тексеру актісі жасалып, КТС есептеу және залалды азайту туралы 2020 жылғы 28 желтоқсандағы №208 тексеру нәтижелері туралы хабарлама шығарылды.

МАӘС-тың 2021 жылғы 27 қыркүйектегі шешімімен және апелляциялық сатыдағы ӘІСА-ның 2022 жылғы 25 қаңтардағы қаулысымен талап-арыздан бас тартылды.

Кассациялық шағымды негіздеу үшін талапкер МҚД:

1) ақпарат көздерінің кезектілігін қолданбай, сол немесе өзге көзді қолдануды түсіндірмей, нарықтық бағалар ауқымын айқындамай, дифференциалдың құрамдас бөліктерін жоққа шығаратындығын және түзетіндігін;

2) салықтар мен салықтық санкцияларды есептеу үшін алшақтық себептері мен негіздері бөлімдерінде дифференциалдың құрамдас бөліктері еленбегендігін, салықтардың қосымша есептелген сомалары есептемелерінің жазылмағандығын;

3) дифференциалда тек шекараға дейінгі

шығыстарды ескергендігін, салыстыру үшін Италия бағалары қолданылғанын, мәміле бағасын салыстырымды экономикалық жағдайларға келтіру үшін түзету қолданылмағандығын көрсетті.

Жергілікті соттар осы іс бойынша осындай бұзушылықтарға мыналарға орай жол берді.

Іс материалдарынан арнайы білімді қолдану қажет болатын заңнама ережелерін әр түрлі түсіндіру бар екендігі көрінеді. ӘРПК-нің 34-бабына сәйкес сот алқасы әкімшілік істің нәтижесіне мүдделі емес мамандар А.К. Агуанованы, А.К. Бурамбаеваны тартты.

Мамандардың қорытындылары сот ісінде бар құжаттар мен материалдардың көшірмелері негізінде дайындалды: мұнай өнімдерін экспортқа сатып алу және сату келісімшарттары; толық кедендік жүк декларациялары; теміржол жүкқұжаттары; экспортталатын мұнай өнімдерінің сапа па-

спорттары; тараптардың процесік құжаттары (арыздар, пікірлер, қарсылықтар, апелляциялық шағым, кассациялық өтінішхат).

Мамандардың қорытындылары түйіндерін ішінара қабылдауды ескере отырып, сот алқасы мыналарға келеді.

1. Қаралып отырған мәмілелерге ақпарат көзін қолдану

Қаралып отырған сот ісінің материалдарындағы құжаттарға сәйкес мұнай өнімдерінің экспорты 2017-2018 жылдар кезеңінде Ресей, Қырғызстан, Беларусь, Әзербайжан, Кипр және Латвия бағытында жүзеге асырылды. Тауарларды тағайындаудың тікелей көрсетілген нарықтары бойынша биржаларда бағаның қалыптасуы болған жоқ.

Есепті жылдағы тауарды өткізу көлемі мен оның жалпы құны туралы деректер №1 кестеде келтірілген.

№1 кесте

№	Кезең	Беру базисі	Тауардың атауы	Өткізу көлемі (тонна)	Тауардың құны (АҚШ долл.)
